**«КЕЛІСІЛДІ»**
**«Алпамыс» бөбекжай-бақшасы» МКҚК**
**әдіскері Коспакаева А.Е.**

**«28 » тамыз 2025 жыл**

# Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Мектепке дейінгі ұйым: «Алпамыс» бөбекжай-бақшасы» МКҚК
Топ: Мектепалды тобы, №3 «Ботақан»
Балалардың жасы: 5 жастағы
Қандай кезеңге жасалды: 02-05 қыркүйек 2025 ж.

| **Күн тәртібі** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі 02.09** | **Сәрсенбі 03.09** | **Бейсенбі 04.09** | **Жұма 05.09** |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау | **Қыркүйек- Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік**<br>**Аптаның дәйексөздері** «Еңбек түбі береке»<br>**(«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы)**<br><br>Амандасу рәсімі. Мәдени- гигиеналық шараның орындалуын қадағалау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс.<br>**Сөздік минимум:** Сәлеметсіз бе! Қайырлы таң! Рақмет! Кешіріңіз!<br>**(қазақ тілі ***)** Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, сәлемдесуді пысықтау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br><br>**«Күй күмбірі»: «Айжан қыз»** https://zvyki.com/song/148080843/Ajzhan_kyz_-_k_j_Ajzhan_yz/<br><br>**Табиғат бұрышында гүлдерді күту**<br>**Міндеті:** еңбекке баулу, табиғатқа сүйіспеншілік арттыру **(экологиялық мәдениет)** | | | | |
| | | **Сурет бойынша таныс ертегілерді мазмұндау**<br>**Міндеті:** Таныс ертегілердің мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап | **Альбомдар, сюжетті картиналар қарастыру, әңгімелеу**<br>**Міндеті:** Қазақ халқы қолөнер шеберлерімен жасалған киіз үйдің | **Дидактикалық ойын:** «Кімге не керек?»<br>**Міндеті:** Егіншілікке қажетті құрал жабдықтары туралы түсініктерін кеңейту, | **Саусақ жаттығуы:** «Салат»<br>**Міндеті:** әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру, сөздің |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | айтуға үйрету. Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру, сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу. **(қазақ тілі***; қарым-қатынас іс-әрекеті , танымдық іс-әрекет)**<br><br>**Шығармашылық іс-әрекет:**<br>Таныс ертегілердің суреттерін қарастыру, ертегі кейіпкерлерін бейнелеу<br>**Міндеті:** Ертегі кейіпкерлерінің бейнесін өзіне тән ерекшеліктерімен салуға үйрету.<br>**(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)** | заттарын және тұрмыстық заттарды білдіретін (кереге, уық, шаңырақ), сөздермен толықтыруға үйрету. Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру (грамматикалық анықтамасыз), сөйлем сөздерден тұратынын түсіндіру **(қазақ тілі***; қарым-қатынас іс-әрекеті , танымдық іс-әрекет)**<br><br>**Шығармашылық іс-әрекет:**<br>«Жемістерді, көкөністерді мүсіндеу»<br>**Міндеті:**<br>Сазбалшық, ермексаз және пластикалық массадан мүсіндеудің алғашқы ерекшеліктерін тануды пысықтау. Күзгі өнімдерді (көкөністер мен жемістерді) шынайы бейнесіне қарап, пішіндері мен өлшемдерін сақтай отырып мүсіндеуге үйрету.<br>**Сөздік минимум:**<br>Көкөністер, жемістер: алма, банан, шие, өрік, алмұрт, қарбыз, қауын, алхоры, қияр, қызанақ, | Сөздерді дыбыстық талдауға үйрету: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтауға үйрету.<br>**Сөздік минимум:** бидай, күріш, арпа, жүгері<br>**(қазақ тілі***; қарым-қатынас іс-әрекеті , танымдық іс-әрекет)**<br><br>**Әңгімелесу:**<br>«Күз мезгілі»<br>**Міндеті:**<br>Тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту.<br>**(зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті) (экологиялық мәдениет)** | мағынасына қызығушылыққа баулу сөздегі дыбыстардың ретін анық айтуға үйрету<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)**<br><br>**Сурет бойынша әңгімелесу:**<br>«Ойыншықтар»<br>**Міндеті:**<br>Ойыншықтарды сипаттауда заттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдауға, сын есімдер мен үстеулерді қолдануға үйрету.<br>**Сөздік минимум:** Доп, текше, қонжық, қуыршақ, секіртпе, асық, шелек, күрек, бесік арба (коляска), шымылдық. **(қазақ тілі***; қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br><br>**Құрастыру:**<br>Құрылыс материалдарынан, конструктор бөлшектерінен құрастыру<br>**Міндеті:** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | қызылша, картоп, пияз, сәбіз, қырыққабат, қарақат, таңқурай, құлпынай **(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)** | | Балаларды құрылыс материалдарымен және конструктор бөлшектерімен таныстыру, олардың атын, түсін, пішінін ажыратуға үйрету Ауызша сипаттау бойынша қарапайым тақырыптарға (жол, қоршау) құрастыру дағдыларын қалыптастыру. **(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)** |
| Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру | **«Өнегелі 15 минут»**<br>**«Мейірімділік пен жанашырлық»**<br>**Міндеті:** Ата-аналардың баланы өз ісіне жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеуіне ықпал ету.<br>**(«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы)**<br><br>**Ата-аналарға ұсыныс:**<br>Күнделікті кешкі уақытта баламен жылы форматта сұхбат жүргізу. | | | | |
| | | **«Жылы сөз» ойыны:** Күніне кем дегенде 5 рет бір-біріне жақсы сөз айту (күнім, ботам, ақылдым). | **Тапсырма:** Құстарға жем шашу, үй жануарының тамағын беруді балаға тапсыру. | **Кеңес:** Үйдегі үлкендерге (әжесіне, атасына) су беріп, көмектесудің маңыздылығын түсіндіру. | **Тапсырма: Эмоцияларды тану**. «Қазір менің көңіл-күйім қандай?» деп сұрап, баланы өзгенің сезімін түсінуге баулу. |
| Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары) | | **Құқықтық сауаттылық («Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы)**<br>**Таңертеңгілік шеңбер:** «Менің есімім — мақтанышым» | **Дидактикалық ойын:** «Бір және көп»<br>**Міндеті:** "Бір" сөзінің мағынасы, ол тек бір затты ғана емес, сондай-ақ жиынның бір бөлігі ретінде заттардың тобын | **Шығармашылық іс-әрекет:** «Біздің көшедегі үйлер»<br>**Міндеті:** Шаблондармен, трафареттермен жұмыс істеудің бастапқы тәсілдерін қалыптастыру. Жапсыру барысында парақ бетінде заттарды | **Зерттеу іс-әрекеті:** «Күзгі жапырақ»<br>**Міндеті:** Туған өлкенің өсімдіктері (ағаштар, бұталар) туралы түсініктерін кеңейту, "орман", "шалғын" және "бақша" |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **Міндеті:** Әр баланың есім алу құқығы бар екенін түсіндіру, өзін-өзі сыйлауға үйрету.<br>**Ойын барысы:**<br>Балалар шеңберге тұрады.<br>Тәрбиеші сиқырлы таяқшаны ұстап: «Әлемдегі әрбір адамның есімі болуға құқығы бар», - деп түсіндіреді.<br>Балалар таяқшаны бір-біріне бере отырып, өз есімдерін еркелетіп айтады (мысалы: «Менің атым — Аиша, мені анам Айгерім дейді»).<br>**Қорытынды:** «Біз бәріміз әртүрліміз, бірақ бәріміздің есіміміз бар».<br><br>**Қаржылық сауаттылық («Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы)**<br>**Дидактикалық ойын:** «Теңге алу» (Ұлттық ойын негізінде)<br>**Міндеті:** Теңгелерді ажырата білуге, ептілікке және жылдам есептеуге баулу. 10 көлеміндегі сандарды | білдіретінін түсіндіруді жалғастыру.<br>**(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) (экологиялық мәдениет)**<br><br>**Құқықтық сауаттылық («Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы)**<br>**Дидактикалық ойын:** «Кімнің құқығы бұзылды?»<br>**Міндеті:** Ертегілер арқылы құқық бұзушылықты ажырата білуге баулу. адамгершілік құндылықтарға, өз іс-әрекеттері мен басқа адамдардың іс-әрекеттерін бағалай білуге үйрету<br>**(зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)**<br><br>**Қаржылық сауаттылық («Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы)**<br>**Дидактикалық ойын:** «Айырмашылығын табу» | дұрыс орналастыру, қарапайым композиция ережелерін сақтау.<br>**(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)**<br>**Құқықтық сауаттылық («Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы)**<br>**Сюжетті-рөлдік ойын:** «Кішкентай дәрігер»<br>**Міндеті:** Балалардың медициналық көмек алу құқығы туралы білімдерін бекіту.<br>Әртүрлі мамандықтар, туралы түсініктерін кеңейту, еңбектің мазмұны, сипаты және нәтижесінің маңызын, түсінуге және бағалауға үйрету.<br>**(зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)**<br><br>**Қаржылық сауаттылық («Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы)**<br>**Дидактикалық ойын:** «Банкомат»<br>**Міндеті:** Банк қызметі, ПИН-код, картамен жұмыс істеу мәдениетін қалыптастыру. | ұғымдарымен таныстыру **(зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті) (экологиялық мәдениет)**<br><br>**Құқықтық сауаттылық («Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы)**<br>**Сюжетті-рөлдік ойын** «Менің отбасым — менің тірегім»<br>**Міндеті:** Отбасында өмір сүру және тәрбиелену құқығын түсіндіру.<br>өз өміріне қажетті дағдыларды игеруге ықпал етуге жалғастыру<br>**Сөздік минимум:** Ана, әке, ата, апа, әже, аға, іні, қарындас,әпке, сіңлі, мен, сен, ол, біз, сіз, олар<br>**(зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)**<br><br>**Қаржылық сауаттылық** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | тура және кері санауға жаттықтыру. **(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** | **Міндеті:** Зейінділікті дамыту, ақша белгілерінің элементтерін (түсі, саны, суреті) тану. "Қанша?", "Нешінші?" сұрақтарын ажырату, оларға дұрыс жауап беруге үйрету **(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** | 10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауға жаттықтыру. Көрнекілік арқылы 6, 7 сандарының пайда болуымен, 0 ден 7 дейінгі цифрлармен таныстыру. **(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** | **(«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы) Дидактикалық ойын:** «Ақша жұмсауды үйренеміз» **Міндеті:** Қажеттілік пен тілекті ажырату, бюджетті жоспарлауды үйрену. Көрнекілік арқылы 6, 7, сандарының пайда болуымен, 0 ден 7 дейінгі цифрлармен таныстыру. **(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** |
| Ертеңгілік жаттығу | Ертеңгілік жаттығуды орындауға қызығушылық тудыру, дене бітімін қалыптастыру және өкшелерді нығайту **(дене тәрбиесі**)**<br><br>**Ертеңгілік жаттығу №1**<br>Балалар музыка ырғағымен бірінің артынан бірі шеңбер жасап адымдап жүреді.<br>Қолды жоғары көтеріп аяқтың өкшесімен жүреді, қолды белге қойып аяқтың ұшымен, аяқтың ішкі жағымен, аяқтың сыртқы жағымен жүреді. Жеңіл жүгіру, оң қырындап шеңбер ішіне қарап жүгіру.<br>**1.** Қол белде, аяқ арасы сәл алшақ.<br>1 дегенде басты алға ию<br>2 дегенде басты оңға ию<br>3 дегенде басты артқа ию<br>4 дегенде басты солға ию бастапқы қалыпқа келу.<br>**2.** Бастапқы қалып,аяқ иық бойымен, қол белде.<br>1 дегенде екі қолды алға созу,<br>2 дегенде қолды жоғары көтеру,<br>3 дегенде қолды жан- жаққа созу,<br>4 дегенде қолды төмен түсіру<br>бастапқы қалыпқа келу<br>**3.** Бастапқы қалып, қол белде, аяқ арасы алшақ.<br>1 дегенде оң жаққа иілу, | | | | |

<table>
<tr><td></td><td colspan="4">2 дегенде сол жаққа иілу бастапқы қалыпқа келу<br>4. Бастапқы қалып, аяқ арасы сәл алшақ,<br>қолды алға созу.<br>1 дегенде отыру,<br>2 дегенде тұру,<br>3 дегенде бастапқы қалыпқа келу<br>5. Бастапқы қалып, еденге отыру,<br>қолды артқа тіреп отыру.<br>1 дегенде екі қолмен тізені құшақтау,<br>6.Бастапқы қалып, қол белде, аяқ иық бойымен,<br>оң аяқпен 4 рет секіру, сол аяқпен 4 рет секіру,<br>қос аяқпен 4 рет секіру, орында тұрып адымдау.<br><br>Бастапқы қалып, бірінің артынан бірі адымдап жүру, жеңіл жүгіру. 2 дегенде бастапқы қалыпқа келу<br>Біз баламыз шыныққан<br>Денсаулығы мықты жан<br>Сөздік минимум: секір, жүгір, сапқа тұру, екі топқа бөлініңдер</td></tr>
<tr><td>Таңғы ас</td><td colspan="4">Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртіну.<br>(Үнемді тұтыну)<br>Аумин десең маған,<br>Алтыннан-жағаң,<br>Күмістен тағаң<br>Оң жағыңнан кетпесін,<br>Тілеуің қабыл,<br>Мұратың асыл болсын, Аумин !<br>Сөздік минимум: Нан шәй, май, ірімшік, сүт, қаймақ, айран, жұмыртқа, су, сусын, сорпа, тоқаш, ботқа, дәмді, ащы, тұз, тәтті, қант, ет, балық, тамағыңды іш, ас болсын!</td></tr>
<tr><td>Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық (бұдан әрі – ҰІӘ)</td><td colspan="4">Балалар әсерлерімен бөлісу, жаңалықтарды білу, бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. үшін жиналады. Балалар педагогке ортаны ұйымдастыруға көмектеседі (бірлескен әрекет, кезекшілік).</td></tr>
<tr><td></td><td></td><td>Дидактикалық ойын:<br>«Бір және көп»<br>Міндеті: "Бір" сөзінің мағынасы, ол тек бір затты ғана емес, сондай-</td><td>Әңгімелесу:<br>«Ойыншықтар» картиналар топтамасынан суреттер қарастыру, әңгімелеу</td><td>Дидактикалық ойын:<br>«Айырмашылығын тап»<br>Міндеті: Заттардың (5 және одан артық) ұзындығын, биіктігін, ені</td><td>Әңгімелесу:<br>«Дәнді дақылдар»<br>Міндеті: азық-түлік атауларын (бидай, күріш, арпа, жүгері,</td></tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | ақ жиынның бір бөлігі ретінде заттардың тобын білдіретінін түсіндіру **(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**<br><br>**Дидактикалық ойын:** Кім зейінді?<br>**Міндеті:** Табиғат құбылыстарын сипаттауда заттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдауға, сын есімдер мен үстеулерді қолдануға үйрету **(қазақ тілі***; қарым-қатынас іс-әрекеті)** | **Міндеті:** Заттар мен ойыншықтар зат, сын, сан есімдерді қолдана отырып, сипаттауда сөздерді дәл және дұрыс қолдануға, берілген мәтіннің басталуын және соңын ойдан құрастыруға баулу.<br>**Сөздік минимум:**<br>Доп, текше,<br>қонжық,<br>қуыршақ,<br>секіртпе, асық,<br>шелек, күрек,<br>бесік арба<br>(коляска),<br>шымылдық. **(қазақ тілі*** ; қарым-қатынас іс-әрекеті)** | мен жуандығын анықтай білуге үйрету, заттарды шамасына қарай өсу және кему ретімен орналастыруға үйрету **(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** | талқан, тары) сөздермен толықтыруды жалғастыру **(қазақ тілі***; қарым-қатынас іс-әрекеті)** |
| Кестеге сәйкес ҰІӘ | | **1.Сауат ашу негіздері**<br>Сөз және оның мағынасы<br>**Міндеті**: сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу.<br>**2.Математика негіздері**<br>Жиын<br>**Міндеті:**<br>Жиынды сапасы бойынша әртүрлі элементтерден (түсі, өлшемі, пішіні, бойынша заттардан) құруға үйрету.<br>**3. Қазақ тілі**<br>**Міндеті:** | **1. Математика негіздері**<br>Жиын<br>**Міндеті:**<br>Жиынды сапасы бойынша әртүрлі элементтерден (түсі, өлшемі, пішіні бойынша заттардан) құруға үйрету<br>**2. Сауат ашу негіздері**<br>Дыбыстық талдау<br>**Міндеті**: Сөздерді дыбыстық талдауға үйрету: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтауға үйрету | **1.Сауат ашу негіздері**<br>Буын туралы ұғымдарды қалыптастыру<br>**Міндеті:** сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтауға үйрету. Буындардан сөздер құрастыруға (ауызша) үйрету<br>**2. Математика негіздері**<br>Сан және санау<br>**Міндеті:** 10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауға жаттықтыру.<br>**3. Қазақ тілі**<br>**Міндеті:**<br>Тілдік және артикуляциялық | **1. Тіл дамыту**<br>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті<br>**Міндеті:**<br>Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз б-п, г-ғ, к-қ дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету.<br>**2. Қоршаған әлеммен таныстыру**<br>Бала, оның отбасы, үйі<br>**Міндеті**: Өзінің жасына сәйкес өмірінде болатын өзгерістерді, балабақшаға баруы, мектепке баруы, ересек |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту.<br>**4. Музыка**<br>Білімің - бұлағың<br>**Міндеті**:<br>Ән айтуда дауыспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру.<br>Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету. | **3. Жапсыру / сурет салу / мүсіндеу / құрастыру**<br>«Ертегілер еліне саяхат: Шеберлер ауылы»<br>**Міндеті:**<br>Дайын үлгілер мен шаблондарды пайдаланып, қағаздан қарапайым тұрмыстық заттардың бейнесін жапсыру;<br>Заттардың, ертегі кейіпкерлерінің бейнесін өзіне тән ерекшеліктерімен салу;<br>Халық шеберлерінің шағын мүсіндерімен, ойыншықтарымен таныстыру және қарапайым ыдыстарды (табақ, тостаған) мүсіндеуге баулу.<br>Балаларды құрылыс материалдарымен және конструктор бөлшектерімен таныстыру, олардың атын, түсін, пішінін ажыратуға үйрету<br>Ауызша сипаттау бойынша қарапайым тақырыптарға (жол, қоршау) құрастыру дағдыларын қалыптастыру.<br>**4. Дене тәрбиесі**<br>Допты алып жүру жаттығуы» | аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту.<br>**4. Музыка**<br>Білімің - бұлағың<br>**Міндеті**:<br>Музыкаға сәйкес орындалатын би қимылдарын білуді; би қимылдарының элементтерін жеңіл, еркін орындауды; қозғалыс бағытын музыкалық фразаларға сәйкес өзгертуді үйрету. | азамат болып ержетуі мен еңбек етуі, болашақта табысты болуы үшін білімнің қажеттігін түсінуіне, болашақта мектепте оқуға ынтасын арттыру, жаңаны тануға, өз өміріне қажетті дағдыларды игеруге ықпал ету.<br>**3. Көркем әдебиет**<br>«Білімің- бұлағың» өлеңмен танысу) Ақылбек Шаяхметов<br>**Міндеті:** Кітап мәдениетіне және театрға қызығушылығын қалыптастыру<br>Балаларды қол жетімді көркем шығармалар мен фольклорға, театр әлеміне баулу, кітапқа деген қызығушылығын дамыту.<br>**4.Дене тәрбиесі**<br>«Доппен жаттығулар»<br>**Міндеті:** Қолды алға, екі жаққа, жоғары көтеру (бір уақытта, кезекпен), төмен түсіру, қолдарын арқасына апару: қолдарды төмен түсіру; белге қою, кеуде тұсына қою; қолдарын алға-артқа сермеу; |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | **Міндеті:** жүру мен жүгіруді алмастырып, заттардың арасымен «жыланша» төрттағандап еңбектеу, кедергілер арасынан еңбектеу; допты басымен итеріп, төрттағандап еңбектеу (арақашықтығы 3-4 метр); гимнастикалық скамейка бойымен қолымен тартылып, иықтары мен тізелеріне сүйене отырып, етпетімен өрмелеу; Спорттық ойындар. Допты оң және сол қолмен алып жүруге жаттықтыру. | | қолды иыққа қойып, шынтақтарын бүгіп, қолдарын айналдыру. *Спорттық ойындар***.** Допты оң және сол қолмен алып жүруге жаттықтыру. Салауатты өмір салтының маңызды компоненттері: дұрыс тамақтану, қимылдар, ұйқы және күн, ауа мен су және денсаулыққа зиян келтіретін факторлар туралы түсініктерді кеңейту |
| 2-ші таңғы ас | 2-ші таңғы ас алдында гигиеналық шараларды орындау **(мәдени-гигиеналық, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, еңбек әрекеті**, (кезекшілік) **(Үнемді тұтыну)**<br>Адамның денсаулығы дұрыс тамақтануға байланысты екені туралы түсініктерді жетілдіру. Адамның денсаулығына гигиена мен күн тәртібінің ықпалы туралы түсініктерді кеңейту. | | | | |
| Серуенге дайындық | Серуенге ойын құралдарын дайындау.<br>Балалардың серуенге деген қызығушылықтарын туғызу, балалармен жеке әңгімелесу.<br>Табиғатқа деген қызығушылықтарын арттыру. | | | | |
| Серуен | | **Ауа райын бақылау ( №1 карта)**<br>**Міндеті:** Табиғаттағы күзгі өзгерістер туралы балалардың білімдерін қалыптастыру.<br>**Көркем сөз**<br>Санай бер,<br>Қарай бер, | **Желді бақылау (карта №2)**<br>**Міндеті:**<br>Балаларға желдің неліктен соғатынын түсіндіру. Жел – бұл ауа қозғалысы. Желдің күшін өсімдіктердің қозғалысына қарап анықтауды үйрету | **Күнді бақылау (карта №3)**<br>**Міндеті:**<br>Балалар назарын күзгі күн көзінің қалай шығатынына, қалай қыздыратынына аудару. Күннің қай уақытында күн көзі қатты қыздырады және неліктен? | **Бұлтты бақылау (карта №4)**<br>**Міндеті:** Балаларға бұлттар деген не екенін, олардың неліктен аспанда бірде ақырын, бірде тез жылжитынын түсіндіру.<br>**Көркем сөз** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Бояуы – жүз,<br>Келді күз<br>**Ырым**<br>Қыркүйек құрғақ та жылы болса, қыс кешірек түседі<br>Жаз жаңбырлы, ал күз жылы болса, қыс ұзақ болады<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Орамалмен ойнау»<br>Ойыншылар шеңбер бойымен<br>тұрады. Жүргізуші орамалды бір баланың артына байқатпай тастап кетеді. Орамалды байқап қалған бала оны алып, жүргізушіні қуып жетіп, орамалмен тигізуі керек. Жүргізуші бос орынға тұрып үлгерсе, орамалы бар бала жаңа жүргізуші болады.<br>**Еңбектену әрекеті**<br>Учаскені қоқыстан тазарту<br>Тырнауышпен, күрекпен жұмыс істеу дағдыларын бекіту.<br>Еңбектегі ұжымдық сезімді қалыптастыру<br>**Дидактикалық ойын:**<br>**«**Ауа райы туралы айтып бер»<br>Балаларды ауа райын сипаттайтын сөздерді | **Көркем сөз**<br>Қанаты жоқ – ұшады,<br>Аяғы жоқ – қашады<br>(Жел)<br>Жел де ауа кәдімгі,<br>Жел дегенің тек бірақ.<br>Ойға-қырға шапқылап,<br>Байыз таппас ауа ғой.<br>(М. Әлімбай)<br>**Ырым**<br>Жануарлар қай жағына жатса – сол жақтан жел соғады.<br>Егер түнге қарай жел күшейсе – ауа райы бұзылады<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:**<br>«Жел мен жапырақшалар»<br>Әр түрлі бағытта жүгіруді дамыту, белгі бойынша қимыл жасай білу.<br>**Еңбектену әрекеті**<br>Табиғат бұрышында өсімдіктерді өсіру үшін жер дайындау<br>Балаларды тапсырылған іске тыңғылықты қарауға үйрету. Жұмысты тату жасау, бір - біріне көмектесу<br>«Жел» сөзіне анықтама айт»<br>Заттардың сапасын білдіретін сөздердің қорын кеңейту | **Көркем сөз**<br>«Анамыздай мейірлі күн,<br>Аймалайды шыңда тұрып».<br>Май берейін, құрт берейін,<br>Күннің көзі шық, шық!<br>Алақай, алақай!<br>Күн шықты, күн шықты,<br>Жер үстіне нұр шықты!<br>**Ырым**<br>Егер таңертең күн қызарып шықса, ауа райы бұзылады, жаңбыр және жел болуы мүмкін.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Бұлт пен күн»<br>Батылдыққа,<br>қауіптіліктен құтылу мақсатындағы жұмылу қабілетіне тәрбиелеу,<br>еркін дамыту<br>**Еңбектену әрекеті**<br>**Гүлзардағы еңбек.**<br>Гүлзарды солған өсімдіктерден тазарту<br>Балаларды қолынан келетін еңбекке араластыру.<br>Ұйымшылдықпен жұмыс жасауға, бір - біріне кедергі жасамауға, ортақ тапсырманы орындауға үйрету. Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**Дидактикалық ойын:** | Аспанға ұшар бу болып,<br>Жерге қайтар су болып<br>(Бұлт)<br>**Ырым**<br>Бұлттар төмен болса, жаңбыр жауады, күн суытады.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:**<br>«Біз көңілді балалармыз»<br>Балалардың қозғалыс белсенділігін, ойын тәртібін орындай білуін дамыту<br>**Еңбектену әрекеті**<br>**Еңбек тапсырмалары**<br>Өз өзіне қызмет ету; серуен соңында ойыншықтарды жинау.<br>Еңбек ете алу қабілетін дамыту, үлкендерге көмек бергісі келетін тілегін тәрбиелеу<br>**Тәжірибелер мен сұрыптамалар жасау**<br>**Дидактикалық ойын: «Бұлтты суретте»**<br>Бұлтты суреттейтін сөздерді тауып айтуға үйрету<br>**«Аспан денелерін ата»**<br>**Жеке жұмыс:**<br>Күн, ай, жұлдыздар, планеталар – аспан |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | тауып айтуға үйрету (жылы, ашық, құрғақ, желді, жаңбырлы, бұлтты т.б.)<br>Әр балаға өзін қызықтыратын іспен айналысуға мүмкіндік беру<br>**Жеке жұмыс**: заттарды кеңістікте орналастыруға үйрету (сол жақта, оң жақта)<br>**(зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)**<br>**(экологиялық мәдениет)** | **Тәжірибе:** Шардың желін шығару.<br>**Қорытынды:** Жел дегеніміз – кейде қатты, кейде баяу горизонтальды бағытта қозғалып соғатын ауаның ағымы.<br>**Жеке жұмыс**: заттарды кеңістікте орналастыруға үйрету (сол жақта, оң жақта)<br>**Өзіндік іс-әрекет**<br>Қуанышты тыныш жағдайды тудыру және оны сақтауға көмектесу; ынталарын және өз бетінше жұмыс жасай алатындығын көтермелеу<br>**(зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)**<br>**(экологиялық мәдениет)** | **Тәжірибелер мен сұрыптамалар жасау**<br>1-тапсырма «Күн жолын көрсет»<br>Балаларға шығыстан батысқа қарай күн жолын қолмен суреттеуге үйрету.<br>2-тапсырма «Күн таңертең, күндіз, кешке болған жерлерге тұр»<br>Кеңістікті бағдарлауға үйрету<br>**Жеке жұмыс:**<br>Ынталарын, өз бетінше жұмыс жасай алатындығын көтермелеу.<br>**(зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)**<br>**(экологиялық мәдениет)** | денелері екендігі жайлы балалардың білімдерін бекіту<br>**Өзіндік іс-әрекет**<br>Балалардың ойындарын қызғылықты етіп ойнауларын ұйымдастыруға көмектесу<br>**(зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)**<br>**(экологиялық мәдениет)** |
| Серуеннен оралу | Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру.<br>Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру.<br>Балалардың саппен топқа оралуы, сапта екі-екіден жүруге үйрету<br>Балаларға киімге ұқыпты қарау керектігі жайлы әңгіме жүргізу.<br>**Міндеті:** өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеттерін қалыптастыру<br>Серуеннен оралдық,<br>Көңілді боп таралдық.<br>Аяқ, қолға дем беріп,<br>Сауықтық та, ойнадық! | | | | |

| | |
|---|---|
| | Күн мен жел де күледі,<br>Бәрі бізге тіледі.<br>Қолды жуып, дем алайық,<br>Кел, бөлмеге кірейік!<br>**Мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет.** |
| Түскі ас | Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.<br>Адамның денсаулығы дұрыс тамақтануға байланысты екені туралы түсініктерді жетілдіру.<br>Тамақ ішер кезде енді,<br>Сөйлемейміз күлмейміз.<br>Астан басқа өзгені,<br>Елемейміз, білмейміз.<br>**Міндеті:** мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеттерін қалыптастыру. **«Үнемді тұтыну»** |
| Күндізгі ұйқы | Ұйқыға арналған әуен аудио-ертегі қою.<br>«Бесік жырын» тыңдату<br>**Міндеті:** Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы жағдай жасау |
| Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары | Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату (дене жаттығулар мен белсенділігі).<br>Қарапайым шараларды өз бетінше жүргізуге дағдыландыру,<br>**Ұйқыдан кейінгі жаттығулар**<br>**№1кешен**<br>***Керуеттегі жаттығулар***<br>Оянайық бәріміз.<br>Көздеріңді ашыңдар,<br>Кірпіктеріңді көтеріңдер.<br>Беттеріңді жеңіл қимылмен сипаңдар,<br>Бір - біріңе жымиыңдар,<br>Бастарыңды оңға, солға бұрыңдар,<br>Ауаны жұтыңдар, содан соң жіберіңдер,<br>Іштеріңді тартыңдар,<br>Көңіл күй көтерілді,<br>Кеуделеріңді алақанмен сипаңдар,<br>Жұдырықты қысыңдар,<br>Енді біраз ашыңдар,<br>Керіліңдер, созылыңдар,<br>**Керует жанындағы жаттығулар**<br>Бойымызды жазайық.<br>Қолымызды созайық<br>Жаттығулар жасайық, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Ұйқымызды ашайық.<br>- Б. қ .қол белде: басты оңға, солға, алға, артқа бұру.<br>- Б. қ. кезекпен оң қолды және сол қолды кезекпен көтеру.<br>- Б. қ. оң жаққа және сол жаққа бұрылу.<br>- Б. қ.: қолды аяқ ұшына жеткізу, бастапқы қалыпқа келу.<br>Бір орында жүру, ұйқы бөлмеден аяқ ұшымен шығады.<br>**Шынықтыру шарасы.**<br>Әдемі ирек жолдармен<br>Лақтарша біз ойнақтап<br>Тастан-тасқа секіріп<br>Жалаң аяқ жүреміз.<br>Табанға біз нүктелі<br>Массаж жасау білеміз.<br>Арнайы жолдармен жүру.<br>**Демалуды қалыпқа келтіру**<br>Қол ұстасып тұрайық,<br>Шеңберді біз құрайық,<br>Көріскенше күн жақсы<br>Сау саламат болайық!<br><br>**Сөздік минимум:** Оң, сол, жоғары, төмен. | | | | |
| Бесін ас | Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау)<br>Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету.<br>**Міндеті:** мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеттерін қалыптастыру.<br>Келген асты алдына<br>Тауысып іш қалдырма.<br>Дастарханның басында<br>Әдептен біз бас озбаймыз | | | | |
| Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс- | | **Интеллектуалды ойын:** «Ойлан, тап»<br>**Міндеті:** Өз бетінше қарым-қатынас жасауға, әңгімелесуге, әңгімелесушінің сөзін мұқият тыңдауға, сұрақтарды дұрыс қоюға, оған қысқа және | **Дидактикалық ойын:** «Көңілді паровоз<br>**Міндеті:** Ән айтуда дауыспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру **(музыка****)**<br><br>**Ұлттық ойын – ұлт қазынасы:** | **Дидактикалық ойын:** «Музыканттар»<br>**Міндеті:** Музыкалық және шулы аспаптарда ойнау тәсілдерімен таныстыру **(музыка****)**<br><br>**Әңгімелесу** | **Еңбек іс-әрекеті:** Табиғат бұрышында Гүлдерді күту<br>**Міндеті:** өз ісіне адал болуға, еңбек етуде нәтижеге жетуге ұмтылуға.<br>**(зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет,** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| әрекеті, кітап қарау және басқалары) | | толық нақты жауап беруге баулу.<br>**Сөздік минимум:** Оң, сол, жоғары, төмен, алыс, жақын, үстінде, астында, қасында, артында, жанында, ішінде<br>**(қазақ тілі***)**<br>**(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті**<br><br>**Дидактикалық ойын:** «Үнінен таны»<br>**Міндеті:** Музыкалық және шулы аспаптарда ойнау тәсілдерімен таныстыру<br>**(музыка****)**<br><br>**Ұлттық ойын – ұлт қазынасы:**<br>**«**Жүзік жасырмақ»<br>**Міндеті:** ұлттық ойынға белсенділікпен қатысуға; бастамашылдық танытуға, ойын ережелерін сақтауға үйрету.<br>**(дене тәрбиесі** )**<br>**(«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы)** | **«**Айгөлек»<br>**Міндеті:** ұлттық ойынға белсенділікпен қатысуға; бастамашылдық танытуға, ойын ережелерін сақтауға үйрету.<br>**(дене тәрбиесі** )**<br>**(«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы)**<br>**Дидактикалық ойын: «**Кім, қайда өмір сүреді?»<br>**Міндеті:** Қазақстан аумағын мекендейтін жануарлар мен олардың төлдерін атау және олардың өздеріне тән белгілері бойынша ажыратуға үйрету<br>**Сөздік минимум:** Жабайы аңдар: түлкі, қасқыр, қоян, кірпі.<br>**(зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті) (қазақ тілі***)** | «Ауладағы еңбек»<br>**Міндеті:** Әртүрлі мамандықтар, балабақша қызметкерлерінің еңбегі туралы түсініктерін кеңейту, еңбектің мазмұны, сипаты және нәтижесінің маңызын, түсінуге және бағалауға үйрету<br>**(зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)**<br><br>**Ұлттық ойын – ұлт қазынасы:**<br>**«**Әткеншек»<br>**Міндеті:** ұлттық ойынға белсенділікпен қатысуға; бастамашылдық танытуға, ойын ережелерін сақтауға үйрету.<br>**(дене тәрбиесі** )**<br>**(«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы)** | **қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)**<br>**Дидактикалық ойын:** «Музыкадағы үш кит»<br>**Міндеті:** Музыканың сипатын бейненің мазмұнымен, оның көңіл-күйімен байланыстыра білуді қалыптастыру.<br>**(музыка****)**<br><br>**Ұлттық ойын – ұлт қазынасы:**<br>**«**Соқыр теке»<br>**Міндеті:** ұлттық ойынға белсенділікпен қатысуға;бастамашылдық танытуға, ойын ережелерін сақтауға үйрету.<br>**(дене тәрбиесі** )**<br>**(«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы)** |
| Балалармен жеке жұмыс | | **Шығармашылық дағдылар, зерттеу іс-әрекеті** | **Танымдық және зияткерлік дағдылар** | **Коммуникативтік дағдылар**<br>**Сурет бойынша** | **Танымдық және зияткерлік дағдылар**<br>**Дидактикалық ойын:** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | «Күзгі орман» **сурет салу**<br>**Міндеті:**<br>жемістерді, көкөністерді тәсілдермен қиюға үйрету<br>**(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)**<br>*А. Айым* | **Дидактикалық ойын:**<br>«Орналастыр»<br>**Міндеті:** шамасы әртүрлі 2-3 затты (ұзындығы, биіктігі, ені, жуандығы бойынша) өсу және кему ретімен орналастыруға үйрету<br>**(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**<br>*Б.Аиша* | **Әңгімелесу**<br>«Ойыншықтар»<br>**Міндеті** қарым-қатынас барысында қойылған сұрақтардың сипатына сәйкес хабарлы, лепті, бұйрықты сөйлемдермен жауап беруге үйрету<br>**(қарым-қатынас іс әрекеті)**<br>*А.Айзере* | «Пішіндер және денелер»<br>**Міндеті:** геометриялық фигураларды және геометриялық денелерді көру және сипап сезу арқылы зерттеуге, оларды ажыратуға және атауға үйрету **(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**<br>*А.Арлан*<br><br>**Коммуникативтік дағдылар**<br>**Дидактикалық ойын:**<br>«Менің отбасым»<br>**Міндеті:**<br>өзінің отбасы, отбасылық мерекелер, отбасындағы қызықты оқиғалар, салт-дәстүрлер туралы айтуға үйрету. **(қарым-қатынас іс әрекеті)**<br>*Ж.Амир* |
| Серуенге дайындық | Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу.<br>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау.<br>**Міндеті:** тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту. | | | | |
| Серуен | | **Ауа райын бақылау (№1 карта)**<br>**Міндеті:** Табиғаттағы күзгі өзгерістер туралы балалардың білімдерін қалыптастыру.<br>**(экологиялық мәдениет)** | **Желді бақылау (карта №2)**<br>**Міндеті:**<br>Балаларға желдің неліктен соғатынын түсіндіру. Жел – бұл ауа қозғалысы. Желдің | **Күнді бақылау (карта №3)**<br>**Міндеті:**<br>Балалар назарын күзгі күн көзінің қалай шығатынына, қалай қыздыратынына аудару. | **Бұлтты бақылау (карта №4)**<br>**Міндеті:** Балаларға бұлттар деген не екенін, олардың неліктен аспанда бірде ақырын, бірде тез |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | күшін өсімдіктердің қозғалысына қарап анықтауды үйрету. **(экологиялық мәдениет)** | Күннің қай уақытында күн көзі қатты қыздырады және неліктен? **(экологиялық мәдениет)** | жылжитынын түсіндіру. **(экологиялық мәдениет)** |
| Серуеннен оралу | Балаларға реттілікпен киімдерін шешуі, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, су болған киімдерін тәрбиешіге көрсетуге үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру.<br>**Сөздік минимум:** шалбар, көйлек, жейде, кеудеше, жемпір.<br>**Мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене тәрбиесі**** | | | | |
| Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары | | **Жоба:** «Кел, балалар, оқылық»<br>**Сөздік ойын**: «Кім жылдам?» (Жаңылтпаш айту)<br>**Міндеті:** Шешендікке, сөз өнеріне баулу. Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, ң, h дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға үйрету **(қарым-қатынас іс әрекеті; қазақ тілі***)**<br><br>**Қауіпсіздік сабағы:**<br>**Әңгімелесу:**<br>Қоғамдық орындарда мінез-құлық ережелері<br>**Міндеті:**<br>Үйдегі, балабақшадағы міндеттері туралы түсініктерін кеңейту. Ненің "дұрыс" немесе | **Жоба:** «Кел, балалар, оқылық»<br>**Дидактикалық ойын:** «Жалғасын тап» (Мақал-мәтелдер)<br>**Міндеті:** Сөйлегенде мақал-мәтелдерді қолдануға баулу. Шешендікке, сөз өнеріне баулу **(қарым-қатынас іс әрекеті; қазақ тілі***)**<br><br>**Қауіпсіздік сабағы:**<br>**Сөздік ойын:** «Егер... не істейсің?»<br>**Міндеті:** Ненің "дұрыс" немесе "дұрыс емес", "жақсы" немесе "жаман" екенін түсінуге және ажырата білуге үйрету **(«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы)**<br><br>**Еркін ойын**<br>**Міндеті:** | **Жоба:** «Кел, балалар, оқылық»<br>**Дидактикалық ойын:** «Жұмбақ шешу — ой ашу»<br>**Міндеті:** Шешендікке, сөз өнеріне баулу, заттардың қасиетін тануға және бейнелі сөйлеуге үйретеді. **(қарым-қатынас іс әрекеті; қазақ тілі***)**<br><br>**Қауіпсіздік сабағы:**<br>**Дидактикалық ойын:** «Бағдаршам»<br>**Міндеті**: бағдаршам белгілері, жолда жүру ережелері туралы білімдерін қалыптастыру.<br>**Сөздік минимум:** бағдаршам, жүргіншілер жолы, самокат, велосипед. **(«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы)**<br><br>**Еркін ойын**<br>**Міндеті:** | **Жоба: «**Кел, балалар, оқылық»<br>**Әңгімелесу:**<br>«Тіл — халық қазынасы»<br>**Міндеті:**<br>Балалардың ана тіліне деген сүйіспеншілігін арттыру, сөздік қорын байыту.Сөйлегенде мақал-мәтелдерді қолдануға баулу. Шешендікке, сөз өнеріне баулу..<br>**(қарым-қатынас іс әрекеті)**<br><br>**Қауіпсіздік сабағы:**<br>**Дидактикалық ойын:**<br>«Жол белгілерін жина» (Пазл)<br>**Міндеті:**<br>Жолда қауіпсіздік ережелерін сақтауға үйрету. Жол белгілерін (жүру бөлігі, жаяу жүргіншілер өткелі, тротуар, велосипед, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | "дұрыс емес", "жақсы" немесе "жаман" екенін түсінуге және ажырата білуге үйрету **(«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы)**<br><br>**Еркін ойын Міндеті:** Балалардың құрдастарымен және ересектермен өздігінен диалог бастауына ынталандыру, әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстауға, әдепті және сабырлы болуға үйрету **(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | Балалардың құрдастарымен және ересектермен өздігінен диалог бастауына ынталандыру, әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстауға, әдепті және сабырлы болуға үйрету **(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | Балалардың құрдастарымен және ересектермен өздігінен диалог бастауына ынталандыру, әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстауға, әдепті және сабырлы болуға үйрету **(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | электросамокат, гироскутер, сигвейге арналған жол) білу, бағдаршамның белгілеріне сәйкес жолдан өтуге үйрету **(«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы)**<br><br>**Еркін ойын Міндеті:** Балалардың құрдастарымен және ересектермен өздігінен диалог бастауына ынталандыру, әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстауға, әдепті және сабырлы болуға үйрету **(қарым-қатынас іс-әрекеті)** |
| Балалардың үйге қайтуы | | **Ата-аналарға ұсыныс:** Табиғи материалдарды жинауға көмектесу. | **Ата-аналарға ұсыныс:** балалармен үйде кітап бұрышын ұйымдастыру | **Ата-аналарға ұсыныс**: Кітаптарды оқу. Кітаптарға қызығушылықтарын арттыру | Балалармен апта бойы жасаған жұмыстардан алған әсерлерін сұрау. |

**«КЕЛІСІЛДІ»**
**«Алпамыс» бөбекжай-бақшасы» МКҚК**
**Әдіскері Коспакаева А.Е.**

**«5» қыркүйек 2025 жыл**

# Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Мектепке дейінгі ұйым: «Алпамыс» бөбекжай-бақшасы» МКҚК
Топ: Мектепалды тобы, №3 «Ботақан»
Балалардың жасы: 5 жастағы
Қандай кезеңге жасалды: 08-12 қыркүйек 2025 ж.

| **Күн тәртібі** | **Дүйсенбі 08.09** | **Сейсенбі 09.09** | **Сәрсенбі 10.09** | **Бейсенбі 11.09** | **Жұма 12.09** |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау | **Қыркүйек- Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік.**<br>**Аптаның дәйексөздері:**<br>«Берген алар, еккен орар»<br>**(«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы)**<br><br>Амандасу рәсімі. Мәдени- гигиеналық шараның орындалуын қадағалау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс.<br>**Сөздік минимум:** Сәлеметсіз бе! Қайырлы таң! Рақмет!Кешіріңіз!<br>**(қазақ тілі ***)** Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br><br>**«Күй күмбірі»: «Жастар биі»**<br>https://zvyki.com/song/189377022/ZHastar_bi__ZHastar_bi_haly_k_j_zha_a_demo_toly_n_s_asy_satylady_87768673460/ | | | | |
| | «ҚР Мемлекеттік Гимнін орындау»<br>**Міндеті:** Еліміздің рәміздері, оның маңызы туралы білімдерін кеңейту **(музыка ****)** | **Саусақ жаттығуы:**<br>«Салат»<br>**Міндеті:** Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуге үйрету; сөздегі | **Еңбек іс-әрекеті**:<br>«Ауладағы бақша»<br>**Міндеті:** Әртүрлі мамандықтар еңбегі туралы түсініктерін кеңейту, шамасы | **Дидактикалық ойын:**<br>«Көңілді паровоз»<br>**Міндеті:** ән айтуда дауыспен вокалдық-есту қабілетін | **Еңбек іс-әрекеті**:<br>«Табиғат бұрышындағы еңбек»<br>**Міндеті:** Еңбектің мазмұны, сипаты және нәтижесінің маңызын, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **(«Менің Қазақстаным») («Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы)**<br><br>**Бейнелеу іс-әрекеті :** Ойыншықтар суретін салу<br>**Міндеті:** Заттардың, бейнесін өзіне тән ерекшеліктерімен салуға үйрету. **(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)** | дыбыстардың ретін анық айтуға үйрету **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет) (қазақ тілі***)**<br><br>**«Алтын күз» әнінің сөздерін жаттау**<br>**Міндеті:** Ән айтуда дауыспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру. **(музыка****)** | келетін, бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, дербестік пен жауапкершілікке баулу. **(зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)**<br><br>**Саусақ жаттығуы:** «Өрмекші»<br>**Міндеті:** Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту; сөздегі дыбыстардың ретін анық айтуға үйрету **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет) (қазақ тілі***)**<br><br>**Алтын күз» әнінің сөздерін жаттау**<br>**Міндеті:** Ән айтуда дауыспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру. **(музыка****)** | үйлестіруді жетілдіру. **(музыка****)**<br><br>**Шығармашылық іс-әрекет:** «Мысық» мүсіндеу<br>**Міндеті:** Мүсіндеудің құрылымдық әдісін (жеке бөліктерден жинау) қолдану және бөліктердің біріккен жерлерін тегістеуге дағдыландыру. Жұмысты ұқыпты орындауға, құралдарды жинауға және қауіпсіздік ережелерін сақтауға дағдыландыру. **(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)**<br><br>**Саусақ жаттығуы:** «Қызық-ай»<br>**Міндеті:** Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту; сөздегі дыбыстардың ретін анық айтуға үйрету **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық** | түсінуге және бағалауға үйрету **(зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)**<br><br>**«Күз келді» әнінің сөздерін жаттау**<br>**Міндеті:** Ән айтуда дауыспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру. **(музыка****)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | **іс-әрекет) (қазақ тілі***)** | |
| Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру | **«Өнегелі 15 минут»**<br>**Әдептілік пен сыпайылық**<br>**Міндеті:** Ата-аналардың баланы өз ісіне жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеуіне ықпал ету.<br>**(«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы)**<br><br>**Ата-аналарға ұсыныс**: Баламен күнделікті жылы қарым-қатынас орнатып, әдептілікке қатысты жағдаяттар туралы әңгімелесу. | | | | |
| | **Әңгіме:**<br>«Сиқырлы сөздер». «Рақмет», «кешіріңіз», «өтінемін» сөздерін орынды қолдануды дағдыға айналдыру | **Әңгіме:**<br>Сәлемдесу мәдениеті. Көршілермен, таныстармен алғаш болып амандасуды үйрету. | **Әңгіме:**<br>Дастарқан басындағы әдеп. Тамақты қалай ішу керек, нанды қадірлеу туралы әңгімелесу. | **Әңгіме:**<br>Сөз бөлмеу. Ересектер сөйлесіп жатқанда күте тұрудың маңыздылығын түсіндіру. | **Әңгіме:**<br>Сыйлық беру және алу. Біреуге сыйлық бергенде немесе алғанда қандай жылы сөз айту керектігін жаттықтыру. |
| Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары) | **Бейнелеу іс-әрекеті: «**Мақтақыз бен мысық» **Міндеті:** Балалардың ертегі кейіпкерлерінің бейнесін өзіне тән ерекшеліктерімен салу. Бояумен сурет салу кезінде қылқаламды бояуға батыруға үйрету. **(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)**<br><br>**Құқықтық сауаттылық («Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы) Дидактикалық ойын:** «Көмекке асығайық» **Міндеті:** Құқық пен міндеттің аражігін ажырату. **Барысы:** Тәрбиеші түрлі жағдайларды айтады, ал балалар егер ол **құқық** болса — қолдарын жоғары көтереді, егер **міндет** болса — қолдарын белдеріне қояды. Тәртіп сақтау (Міндет). | **Дидактикалық ойын:** «Заттар әлеміне саяхат» **Міндеті:** Шамасы бойынша заттардың арасындағы қатынастарды білдіретін математикалық терминдерді қолдануға үйрету **(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**<br><br>**Құқықтық сауаттылық («Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы) Дидактикалық ойын:** «Кімнің үйі жақсы?» **Міндеті:** Тұрғын үйге, баспанаға деген құқық туралы түсінік беру. **Көрнекілік:** Түрлі ертегілердің суреттері («Үйшік», «Үш торай», «Мұз үй мен ағаш үй»). | **Дидактикалық ойын:** «Жаз, күз ерекшеліктерін салыстыру**»** **Міндеті:** Тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту. "Өлі табиғат" ұғымымен таныстыру (су, ауа, күн, бұлт, тастар, жел, жаңбыр); өлі табиғат заттарын адамның қолымен жасалған заттардан ажырата білуге үйрету **(зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)**<br><br>**Құқықтық сауаттылық («Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы) Шығармашылық жұмыс**: «Гүл күлтелері» | **Зерттеу іс-әрекеті:** «Жәндіктер» **Міндеті:** табиғат әлеміне танымдық қызығушылықты дамыту, экологиялық мәдениеттің негіздерін қалыптастыру **(зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)**<br><br>**Дидактикалық ойын:** «Өз орныңды тап» **Міндеті:** Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: Сөйлеуде белгілі бір заттың өзіне немесе басқа затқа қатысты орнын көрсете білуге үйрету **(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** | **Зерттеу іс-әрекеті: «Құстар» Міндеті:** табиғатпен қарым-қатынас барысында денсаулықты нығайтуды, табиғатты сақтауда жауапкершілікті сезіне білуге үйрету **(зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)**<br><br>**Құқықтық сауаттылық («Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы) Сюжетті-рөлдік ойын:** «Кішкентай дәрігер» **Міндеті:** Балалардың медициналық көмек алу құқығы туралы білімдерін бекіту. **Ойын барысы:** Баланың құлағы ауырып қалды, ата- |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Ойын ойнау (Құқық). Үлкендерге көмектесу (Міндет). Дәрігерге қаралу (Құқық). Ойыншықтарды жинау (Міндет).<br><br>**Қаржылық сауаттылық («Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы) Дидактикалық ойын:** «Дүкенге саяхат» (Қажеттілік пен қалауды ажырату**)** **Міндеті:** Балаларға «керек» (бірінші кезектегі қажеттілік) және «қалаймын» (ойыншықтар, тәттілер) ұғымдарын түсіндіру. Жиынды сапасы бойынша әртүрлі элементтерден (түсі, өлшемі, пішіні, дыбысы, қимылы, қолданылуы бойынша заттардан) құруға үйрету **(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** | **Барысы:** Тәрбиеші ертегілерден үзінді оқиды. Балалар қай кейіпкердің үйі бұзылғанын немесе тартып алынғанын айтады. **Талқылау:** «Түлкі қоянның үйін тартып алғанда, оның қандай құқығы бұзылды?» (Баспанасыз қалмау құқығы).<br><br>**Қаржылық сауаттылық («Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы) Дидактикалық ойын:** «Бұл не? Қажеттілік пе, әлде қалау ма?» **Міндеті:** Балаларды ең маңызды заттарды (тамақ, киім, үй) ермек үшін алынатын заттардан (ойыншық, тәттілер) ажырата білуге баулу. Шамасы бойынша заттардың арасындағы қатынастарды білдіретін математикалық терминдерді қолдануға үйрету**. (танымдық іс-** | **Міндеті:** Бала құқықтары туралы жалпы білімді жинақтау; Құрастырылған құрылысы (мысалы үй) мен оның шынайы бейнесі арасында байланыс орнатуға үйрету **(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті**)<br><br>**Қаржылық сауаттылық («Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы) Логикалық ойын:** «Ақша қайдан келеді?» **Міндеті:** Балаларға ақшаның еңбек арқылы келетінін, оның аспаннан түспейтінін түсіндіру. 10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауға жаттықтыру **(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** | **Құқықтық сауаттылық («Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы) Қозғалыс ойыны:** «Менің отбасым — менің тірегім» **Міндеті:** Отбасында өмір сүру және тәрбиелену құқығын түсіндіру. **(дене тәрбиесі****)<br><br>**Қаржылық сауаттылық («Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы) Дидактикалық ойын:** «Тиынды жина» (Үнемшілдік және жинақтау) **Міндеті:** Ақшаны үнемдеуге және ата-анасыжинақ сандықшаның (копилка) қызметімен таныстыру. Жиынды сапасы бойынша әртүрлі элементтерден (түсі, өлшемі, пішіні, дыбысы, қимылы, қолданылуы бойынша заттардан) құруға үйрету.**( (Үнемді тұтыну) (танымдық** | анасы оны дәрігерге алып келеді. Тәрбиеші: «Егер бала ауырып қалса, оның емделуге, дәрігер көмегін алуға толық құқығы бар», - деп түсіндіреді. **(қарым-қатынас іс әрекеті)**<br><br>**Қаржылық сауаттылық («Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы) Дидактикалық ойын:** «Тауар ма, әлде қызмет пе?» **Міндеті:** Зат сатып алу (тауар) мен біреудің көмегін пайдалану (қызмет) арасындағы айырмашылықты үйрету. Шамасы бойынша заттардың арасындағы қатынастарды білдіретін математикалық терминдерді қолдануға үйрету**. (танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** | | **іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** | |
| Ертеңгілік жаттығу | Ертеңгілік жаттығуды орындауға қызығушылық тудыру, дене бітімін қалыптастыру және өкшелерді нығайту**.**<br>**(дене тәрбиесі**)**<br>**Ертеңгілік жаттығу**<br>№2 кешен<br>Балалар музыка ырғағымен бірінің артынан бірі шеңбер жасап адымдап жүреді.<br>Қолды жоғары көтеріп аяқтың өкшесімен жүреді, қолды белге қойып аяқтың ұшымен ,аяқтың ішкі жағымен, аяқтың сыртқы жағымен жүреді.Қолды белге қойып тізені жоғары көтеріп жүру, ирелеңдеп жүгіру.<br>**1.**Қолда доп, аяқ арасы сәл алшақ.<br>1 дегенде басты алға ию<br>2 дегенде басты оңға ию<br>3 дегенде басты артқа ию<br>4 дегенде басты солға ию бастапқы қалыпқа келу.<br>**2.**Бастапқы қалып,аяқ иық бойымен, қолда доп.<br>1 дегенде допты екі қолмен алға созу,<br>2 дегенде допты жоғары көтеру,<br>3 дегенде допты алға созу<br>4 дегенде допты төмен түсіру.<br>**3.**Бастапқы қалып, қолда доп, аяқ арасы алшақ.<br>1 дегенде допты оң жаққа бұру,<br>2 дегенде допты сол жаққа бұру<br>3 дегенде бастапқы қалыпқа келу.<br>**4.**Бастапқы қалып, аяқ арасы сәл алшақ,<br>қолда доп алға созу.<br>1 дегенде допты алға созып отыру,<br>2 дегенде тұру,<br>3 дегенде бастапқы қалыпқа келу.<br>**5.**Бастапқы қалып, еденге отыру, қолда доп.<br>1 дегенде екі қолмен допты оң аяққа жеткізу,<br>2 дегенде ортаға<br>3 дегенде допты сол аяққа жеткізу.<br>**6.**Бастапқы қалып, қол белде, аяқ иық бойымен,<br>оң аяқпен 4 рет секіру, сол аяқпен 4 рет секіру,<br>қос аяқпен 4 рет секіру, орында тұрып адымдау.<br>Бастапқы қалып, бірінің артынан бірі адымдап жүру, жеңіл жүгіру. Демді қалыпқа келтіру. | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ***Денсаулық ол – шыныққан***<br>***Барлық денең мүшесі.***<br>***Денсаулық ол - тыныққан***<br>***Жүйке тамыр жүйесі.*** | | | | |
| Таңғы ас | Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю **(Үнемді тұтыну)**<br>Ас болсын сөзін айтуды қалыптастыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде аузын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br>Асты-шашпай төкпей іш,<br>Сораптамай баппен іш<br>Ақырын алып қолын<br>Шашпай же нанды да **(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық (бұдан әрі – ҰІӘ) | Балалар әсерлерімен бөлісу, жаңалықтарды білу, бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. үшін жиналады. Балалар педагогке ортаны ұйымдастыруға көмектеседі (бірлескен әрекет, кезекшілік) | | | | |
| | **Дидактикалық ойын:** «Арнайы көліктер» **Міндеті:** Арнайы көлік құралдарының түрлерін, белгілі бір жұмыс түрін орындау үшін олардың жабдықталуын түсіндіру. **(зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)** | **Дидактикалық ойын:** «Заттарды салыстыр» **Міндеті:** Шеңбермен және тіктөртбұрышпен салыстыру арқылы сопақша пішінмен таныстыру **(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** | **Жаттау:** Күз мезгілі туралы өлеңді жаттау **Міндеті:** өлеңдерді мәнерлеп, интонациямен оқуға үйрету **(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | **Әңгімелеу:** «Туған өлкем» **Міндеті:** туған өлкенің көрнекі жерлері, әсем табиғаты, тарихи орындары туралы суреттер, фотолар, альбомдарды қарастыру. **(қазақ тілі ***)** | **Әңгімелеу:** Апта бойы немен айналысқандарын естеріне түсіру. **Міндеті:** Өз бетінше қарым-қатынас жасауға, әңгімелесуге, әңгімелесушінің сөзін мұқият тыңдауға, сұрақтарды дұрыс қоюға, оған қысқа және толық нақты жауап беруге баулу **(қарым-қатынас іс-әрекеті) (танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Кестеге сәйкес ҰІӘ | **1.Тіл дамыту**<br>Тілдің грамматикалық құрылымы<br>**Міндеті:**<br>Сөйлемдердегі сөздерді: зат есімдерді сан есімдермен және сын есімдерді зат есімдермен үйлестіре білуді жетілдіру.<br>**2. Көркем әдебиет**<br>Е. Өтетілеуұлы «Күз-жомарт» өлеңді жаттау<br>**Міндеті:**<br>Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту.<br>**3.Қоршаған әлеммен таныстыру**<br>Еңбекке баулу<br>**Міндеті:**<br>Әртүрлі мамандықтар, балабақша қызметкерлерінің еңбегі туралы түсініктерін кеңейту, Шамасы келетін, бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, дербестік пен жауапкершілікке баулу.<br>**4. Дене тәрбиесі**<br>Воланды ракеткамен лақтырып үйренейік<br>**Міндеті:** бір орында тұрып, алға қарай 3–4 | **1. Сауат ашу негіздері**: Сөз және оның мағынасы<br>**Міндеті**:<br>Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру.<br>**Сөздерді дыбыстық талдау:** сөздегі дыбыстардың ретін, анықтау.<br>**2. Математика негіздері**<br>Геометриялық фигуралар<br>**Міндеті:**<br>Шеңбермен және тіктөртбұрышпен салыстыру арқылы сопақша пішінмен таныстыру.<br>**3. Қазақ тілі**<br>Байланыстырып сөйлеу<br>**Міндеті**:<br>Өз бетінше қарым-қатынас жасауға, әңгімелесуге, әңгімелесушінің сөзін мұқият тыңдауға, сұрақтарды дұрыс қоюға, оған қысқа және толық нақты жауап беруге баулу.<br>**4. Музыка**<br>Табиғат көрінісі<br>**Міндеті**: | **1.Математика негіздері**<br>Геометриялық фигуралар<br>**Міндеті:**<br>Шеңбермен және тіктөртбұрышпен салыстыру арқылы сопақша пішінмен таныстыру.<br>**2. Сауат ашу негіздері**<br>Сөз және оның мағынасы<br>**Міндеті**:<br>Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру.<br>**3. Жапсыру / сурет салу / мүсіндеу / құрастыру**<br>«Сиқырлы қалашыққа саяхат»<br>**Міндеті**:<br>Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен (жастық, көрпе) таныстыру, олардың пішінін ажыратуға дағдыландыру<br>**Сурет**<br>Түзу, ирек, жіңішке, жалпақ сызықтарды, түрлі көлемдегі дөңгелектерді, жақпаларды, | **1.Сауат ашу негіздері** Буын туралы ұғымдарды қалыптастыру<br>**Міндеті**:<br>Сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтау<br>**2. Математика негіздері**<br>Кеңістікті бағдарлау<br>**Міндеті:**<br>Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: заттарды кеңістікте орналастыру (сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде).<br>**3. Қазақ тілі**<br>Байланыстырып сөйлеу<br>**Міндеті**:<br>Өз бетінше қарым-қатынас жасауға, әңгімелесуге, әңгімелесушінің сөзін мұқият тыңдауға, сұрақтарды дұрыс қоюға, оған қысқа және толық нақты жауап беруге баулу.<br>**4. Музыка**<br>Табиғат көрінісі<br>**Міндеті:**<br>Таныс би қимылдарын қолдана отырып, музыканың | **1. Тіл дамыту**<br>Байланыстырып сөйлеу<br>**Міндеті:**<br>Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру, әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу<br>**2. Қоршаған әлеммен таныстыру**<br>Адамгершілік және патриоттық тәрбие<br>**Міндеті:**<br>Балаларды адамгершілік құндылықтарға, өз іс-әрекеттері мен басқа адамдардың іс-әрекеттерін бағалай білуге, өзінің іс-әрекетіне басқалар пікірін білдірген жағдайда ол пікірді дұрыс қабылдауға, өз ісіне адал болуға, еңбек етуде, шығармашылық әрекеттерде нәтижеге жетуге ұмтылуға<br>**3.Көркем әдебиет**<br>**Міндеті:**<br>Эстетикалық қабылдау |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | метр қашықтыққа жылжу арқылы секіру, екі тізенің арасына қапшықты қысып алып, түзу бағытта (арақашықтығы 6 метр) қос аяқпен секіру;<br>Спорттық ойындар: Бадминтон. Воланды ракеткамен белгілі бір жаққа бағыттай отырып лақтыру.<br>Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртінуге үйрету. | Таныс би қимылдарын қолдана отырып, музыканың сипатына сәйкес ойдан би қимылдарын шығару, мәтінге сәйкес әнді сахналау; шығармашылық тапсырмаларды орындауға ынталандыру | нүктелерді ырғақты орналастыра отырып, қарапайым пішінді өрнектерді құрастыра білуді бекіту мақсатында үйретуді жалғастыру.<br>Біртекті заттардан қарапайым сюжеттер құру және бірнеше пішінді бір тұғырға орналастырудың алғашқы қадамдарымен таныстыру.<br>Қағаз парағын бүктеу арқылы қарапайым жазық материалды көлемді пішінге өзгерте білуді үйрету<br>**4. Дене тәрбиесі**<br>«Баскетбол ойыны»<br>**Міндеті: сапт**а бір-бірден, екеуден, үшеуден жүру; аяқтың ұшымен, аяқтың ішкі және сыртқы қырымен жүру; тізені жоғары көтеріп жүру, заттардан бір қырымен аттап жүру;<br>*Спорттық ойындар.*<br>Баскетбол элементтері. Кеуде тұсынан екі қолымен | сипатына сәйкес ойдан би қимылдарын шығару, мәтінге сәйкес әнді сахналау; шығармашылық тапсырмаларды орындауға ынталандыру. | (иллюстрациямен жұмыс)<br>Балалардың назарын кітаптың безендірілуіне, иллюстрацияларына аудару.<br>**4. Дене тәрбиесі**<br>«Доппен жаттығулар»<br>**Міндеті:** Қолды алға, екі жаққа, жоғары көтеру (бір уақытта, кезекпен), төмен түсіру, қолдарын арқасына апару: қолдарды төмен түсіру; белге қою, кеуде тұсына қою; қолдарын алға-артқа сермеу; қолды иыққа қойып, шынтақтарын бүгіп, қолдарын айналдыру.<br>*Спорттық ойындар***.**<br>Допты оң және сол қолмен алып жүруге жаттықтыру.<br>Су температурасын біртіндеп төмендете отырып, қарапайым шараларды өз бетінше жүргізуге дағдыландыру, балалардың денсаулығын, шынықтыру |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | допты бір-біріне лақтыруға үйрету | | құралдарының әсерлеріне бейімделу деңгейін ескеріп, қарама-қарсы температурадағы сумен шайыну, таңертеңгі жаттығуды орындауға қызығушылық тудыру, дене бітімін қалыптастыру және өкшелерді нығайту |
| 2-ші таңғы ас | Гигиеналық шараларды орындау (мәдени-гигиеналық, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, еңбек әрекеті, (кезекшілік)<br>Адамның денсаулығы дұрыс тамақтануға байланысты екені туралы түсініктерді жетілдіру | | | | |
| Серуенге дайындық | Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу.<br>Табиғи материалдар туралы не білетіндерін сұрау.<br>Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру<br>**Міндеті:** өзіне-өзі қызмет ету дағдыларын жетілдіру. | | | | |
| Серуен | **Күзгі өрмектің ұшуын бақылау (карта №10)**<br>**Міндеті:**<br>Жәндіктердің қоршаған ортаға бейімделуі туралы нақты ұғымдар беру. Ерте күзде көптеген өрмектің ұшуын көруге болады.<br>**Көркем сөз**<br>Жұмбақ: Шидиген ұзын сирағы,<br>Тастай керең құлағы.<br>Сөйтіп жүріп көп жерге, | **Топырақты бақылау (карта №11)**<br>**Міндеті:**<br>Балалар назарын аяқ астына, жерге аудару. Құрғақ жылы күні топырақ жылы болады, қолға алсаң шашылғыш, түсі ашық сұр болады. Жаңбырлы күні ол қара түсті, тығыз, ылғалды болады.<br>**Көркем сөз**<br>«Қарашы күз келді, күз келді, | **Алғашқы суық түскенін бақылау (карта № 12)**<br>**Міндеті:** жерге алғашқы қыраудың түсуі – күз белгісі екеніне балалардың көңілін аудару. Ертеңгіліклік жер, үй шатырлары күмістей аппақ болады. Күн суытып аяз күшіне ене бастады.<br>**Көркем сөз**<br>Сұр бұлт, түсі суық,<br>қаптайды аспан,<br>Күз болып дымқыл | **Тоғанды бақылау (карта № 13)**<br>**Міндеті:** тоғанның күзгі жағдайы туралы, өсімдіктер мен жануарлардың өміріндегі күзгі өзгерістерді болдыратын себептер жайлы түсініктер беру.Тоғанның күзгі және жазғы жағдайын салыстыру.<br>**Көркем сөз**<br>Суда оның өмірі, суда оның қорегі. Ол не? (балық) | **Шалшықтарды бақылау (карта № 14)**<br>**Міндеті:** назарын Ертеңгіліклік шалшықтардың бетін мұз жабатынына аударту. Осы жағдайда судың қандай күйде екенін еске түсіру (қатты).<br>**Көркем сөз**<br>Аспандағы көлеңке жерге суын шашады (бұлт пен жаңбыр)<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Аспалы торлар құрады. (өрмекші)<br>Жаңылтпаш: Шын еңбекші – өрмекші. Өрмекші – шын өрнекші (М. Әлімбаев)<br>**Ырым**<br>Кемпір күздің бірінші күні ашық болса, күз жылы болады.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:**<br>«Секіріп түс те, бұрыл»<br>«Хоп!» деген белгі бойынша тез қимыл жасай алуын дамыту, жоғарыға секіруді орындай алуға үйрету. Кеңістікті бағдарлай алуын бекіту (жүргізушінің көрсеткен жағына бұрылу)<br>**Еңбектену әрекеті**<br>Ағаштардың түбін қопсыту<br>Балаларды жұмысқа қажетті құралдарды дайындай алуға үйрету. Ортақ пайда үшін еңбектенуге, жолдасына көмек көрсетуге тәрбиелеу.<br>**Дидактикалық ойын. Тәжірибелер мен сұрыптамалар жасау**<br>«Ерте күз белгілерін ата» | Сары алтын жауыпты іздерді»<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:**<br>**«Арқан тарту»**<br>Балалардың физикалық және моральдық еркін, достық қарым-қатынасын дамыту.<br>**Еңбектену әрекеті**<br>Гүлзардағы жұмыс (тәрбиешімен бірге)<br>Күзгі жерді қопсытуға қатыстыру. Еңбек етуге дұрыс көзқарасын тәрбиелеу<br>**Дидактикалық ойын. Тәжірибелер мен сұрыптамалар жасау**<br>**Тәжірибе.** Ауа райы жылы болғанда топырақты қолмен ұстап көру<br>**Қорытынды.**<br>Топырақ жылы, оны күн қыздырды<br>«Қатені тап»<br>Жылдың әр мезгіліндегі топырақтың жағдайы жайлы балалардың не білетіндігін анықтау.<br>**Өзіндік іс-әрекет**<br>Балалар ойындарының тақырыбы мен | тұман жерді басқан. (А. Құнанбаев)<br>**Ырым**<br>Қазанда жер жабылады, кей жер жапырақпен, кей жер қармен<br>Сары шымшық ысқырса – шынымен күз болғаны<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:**<br>«Пішінді жаса»<br>Шапшаңдыққа, ептілікке, ұқыптылыққа тәрбиелеу<br>**Еңбектену әрекеті**<br>Қажетінше<br>Учаскедегі ұқыпсыздық жағдайды көре алуға және тәртіпке келтіруге үйрету.<br>**Дидактикалық ойын. Тәжірибелер мен сұрыптамалар жасау**<br>«Кім қызық ат тауып атайды»<br>Шығармашылық қиялын, тілін дамыту. Біреуі сын есім болып тұратын екі зат есімнен құралған жаңа сөздерді құрастыру<br>**Өзіндік іс-әрекет** | «Тоңбайын деді де Көл мұздан тон киді»<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:**<br>«Кішкене балықтар мен шортан»<br>Қимыл - қозғалыс белсенділігіне, белгі бойынша шапшаң қимыл жасауға үйрету. Ұжымда өзара дұрыс қарым-қатынасты қалыптастыру.<br>**Еңбектену әрекеті**<br>Табиғат бұрышындағы құстарды қыста қоректендіру үшін құм салып алу<br>Бастаған ісін аяқтауға үйрету.<br>Айналадағыларға пайда келтіруге ынтасын тәрбиелеу.<br>**Дидактикалық ойын**. **Тәжірибелер мен сұрыптамалар жасау**<br>«Жұмбақты шеш» (суда мекен етушілер)<br>Балаларды жұмбақтарды шешуге үйрету. Логикалық ойлауын дамыту (балықтар, өзен, шаян, бақа, ұлу, үйрек туралы жұмбақтар) | «Аяқтарыңды сулап алма»<br>Балаларды алға қарай тақтайшадан тақтайшаға ептілікпен секіріп үйренуге жаттықтыру. Балалардың тез қарқында қимыл жасай алуына қол жеткізу.<br>**Еңбектену әрекеті**<br>Қажетінше (табиғат бұрышындағы гүлдерді суару)<br>Өсімдіктерге жүйелі күтім жасау дағдыларына тәрбиелеу. Өз еңбегінің қажеттілігін сезіндіру. Еңбек дағдыларын дамыту.<br>**Дидактикалық ойын. Тәжірибелер мен сұрыптамалар**<br>«Кім табиғат құбылыстары жайлы жұмбақтарды көп біледі»<br>Өлі табиғат құбылыстары туралы балалардың білімдерін бекіту, жұмбақтарды еске сақтауға үйрету.<br>**Жеке жұмыс:** Тепе-теңдікті сақтау: |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Ерте күз туралы балалардың білімдерін байыту және жүйелеу.<br>**Тәжірибе.** Көбелек құртын өрмектен шығару<br>Өрмекпен жабысып қалған жапырақтарды банкаға салып топқа әкелу.<br>**Жеке жұмыс:**«Күз» тақырыбында әңгіме құрату<br>**(зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті) (экологиялық мәдениет)** | мазмұнын дамыту және байыту.<br>Өз ойын дәлелдей алуын жетілдіру; қатарластарының ұсыныстарымен, рөлді, ойыншықтарды, міндеттерді бөлісу бойынша оның іс-әрекеттерімен келіспеушілігін сыпайы формада білдіре алуын дамыту.<br>**Жеке жұмыс:** «Бүгінгі ауы райы» тақырыбында әңгіме құрату **(зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті) (экологиялық мәдениет)** | Ойын түрін таңдауда өз бетінше әрекет жасауын, бастама жасауын дамыту.<br>**Жеке жұмыс:** Тепе-теңдікті сақтау: заттардан аттап жүруге үйрету<br>**(зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті) (экологиялық мәдениет)** | **Тәжірибе.** Ұлғайтқыш шыныдан құмды қарау.<br>**Қорытынды.**<br>Құм еш затпен бір - бірімен өзара байланыспаған ұсақ және ірі құмшалардан тұрады.<br>**Жеке жұмыс:** Тепе-теңдікті сақтау: заттардан аттап жүруге үйрету<br>**Өзіндік іс-әрекет (зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті) (экологиялық мәдениет)** | заттардан аттап жүруге үйрету.<br>**Өзіндік іс-әрекет**<br>Балаларға ойынға қатысушы сыңарларының қимылдарын өз қимылдарымен үйлестіре алуға үйретуді одан әрі дамыту.<br>**(зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті) (экологиялық мәдениет)** |
| Серуеннен оралу | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды үйрету Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (қарым-қатынас іс-әрекеті, дербес ойын әрекеті). | | | | |
| Түскі ас | Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу»<br>Кезекшілердің жұмысы ( асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою)<br>Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану, сөйлеспеу, алғыс айту) (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)<br>Тамақ ішер кезде енді,<br>Сөйлемейміз күлмейміз.<br>Астан басқа өзгені,<br>Елемейміз, білмейміз. **(Үнемді тұтыну)** | | | | |
| Күндізгі ұйқы | Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. | | | | |

| | |
|---|---|
| | Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету.<br>Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Электронды кітаптан ертегі қойып беру (көркем әдебиет) |
| Біртіндеп ұйқыдан ояту,<br>сауықтыру шаралары | Қарапайым шараларды өз бетінше жүргізуге үйрету<br>Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары.)**<br>Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (**мәдени-гигиеналық дағдылар**).<br>**Ұйқыдан кейінгі жаттығулар**<br>**№ 2**<br>**Керуеттегі жаттығулар**<br>Балалар ұйқыдан оянады.<br>- Балалар төсекте, арқаға жатып, қолын жанына созу, демдерін бірнеше секунд іште ұстап, еркін шығару.<br>- Балалар төсекте, арқаға жатып қолды екі жаққа созу, жұдырықтарын жұму, қолдарын алға созып айқастыру, демалу.<br>- Балалар төсекте, арқаға жатып қолдарын бастарына қойып кезекпен сол аяқтарын, он аяқтарын көтеру, екеуін бірге ұстап, жайлап түсіру.<br>- Балалар төсекте, арқаға жатып шынтақтарын тіреп иілу, кеуделерін жоғары көтеру, басты тік ұстау 3 - 5 секунд.<br>- Балалар төсекте, ішке жатып, қолдарын жанына қою, аяқтарын көтеріп, велосипед тебу.<br>**Керует жанындағы жаттығулар**<br>**"Құстар"**<br>1. "Құстар оянды" - Б.қ.: аяқты сәл алшақ қою. Қолдарды жан-жаққа созу, былғау – «құстар қанат қағып жатыр».<br>2. «Құстар достарын шақырып жатыр» - Б.қ.: тұрып, қол белде, аяқ сәл алшақ. Оң жаққа, сол жаққа бұрылу, «Шиқ-шиқ» деп айту.<br>3. «Құстар жем шұқып жатыр» - Б.қ.: тұрып, аяқ сәл алшақ, қол төменде. Отыру, саусақпен еденді соғу, бастапқы қалыпқа келу.<br>4. "Құстар көңілденіп жатыр" - Б.қ.: тұрып, аяқ сәл алшақ, қол түсірілген. Жүріспен кезектесіп, бір орында секіру.<br>**Шынықтыру шарасы**<br>«Денсаулық» жолымен жүру.<br>Арнайы жолдармен,<br>Жалаң аяқ жүреміз.<br>Табанға біз нүктелі,<br>Массаж жасау білеміз.<br>**Демалуды қалыпқа келтіру**<br>Бәріміз бірге еңкейейік.<br>Бірге секірейік.<br>Бірге созылайық.<br>Бірге қолымызды созайық.<br>Бірге еңбектейік. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Бірге тіземізді ұстайық.<br>Бір орында секіру.<br>Тыныс алу.<br>«Денсаулығым керемет, жаттығуға рахмет!» | | | | |
| Бесін ас | Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау)<br>Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету **(мәдени-гигиеналық дағдыларын жетілдіру, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)** | | | | |
| Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары) | **Әңгімелесу:**<br>«Күз мезгілі»<br>**Міндеті:** Өз бетінше қарым-қатынас жасауға, әңгімелесуге, әңгімелесушінің сөзін мұқият тыңдауға, сұрақтарды дұрыс қоюға, оған қысқа және толық нақты жауап беруге баулу; Негізгі ойды дұрыс жеткізе білуге үйрету **(қазақ тілі***, қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br><br>**Ұлттық ойын – ұлт қазынасы:**<br>**«**Әткеншек»<br>**Міндеті:** ұлттық ойынға белсенділікпен қатысуға;бастамашылдық танытуға, ойын ережелерін сақтауға үйрету.<br>**(дене тәрбиесі** )**<br>**(«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы)**<br><br>**Дидактикалық ойын:** | **Әңгімелесу:**<br>«Отбасы»<br>**Міндеті** Өз бетінше қарым-қатынас жасауға, әңгімелесуге, әңгімелесушінің сөзін мұқият тыңдауға, сұрақтарды дұрыс қоюға, оған қысқа және толық нақты жауап беруге баулу; Негізгі ойды дұрыс жеткізе білуге үйрету **(қазақ тілі***, қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br><br>**Шығармашылық іс-әрекеті**):<br>«Үйлер»<br>**Міндеті:**<br>Жолақтардан тікбұрышты пішіндерді, шаршылардан үшбұрышты пішіндерді тура қиып алуды үйрету<br>**(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)** | **Зерттеу іс-әрекеті**:<br>Құмды зерттеу<br>**Міндеті:** Табиғатпен қарым-қатынас барысында денсаулықты нығайтуды, табиғатты сақтауда жауапкершілікті сезіне білуге үйрету<br>**(зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)**<br><br>**Ұлттық ойын – ұлт қазынасы: «**Сақина»<br>**Міндеті:** ұлттық ойынға белсенділікпен қатысуға;бастамашылдық танытуға, ойын ережелерін сақтауға үйрету.<br>**(дене тәрбиесі** )**<br>**(«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы)** | **Ұлттық ойын – ұлт қазынасы: «**Тақия тастамақ»<br>**Міндеті:** ұлттық ойынға белсенділікпен қатысуға; бастамашылдық танытуға, ойын ережелерін сақтауға үйрету. **(дене тәрбиесі** )**<br>**(«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы)**<br><br>**Әңгімелесу:**<br>«Мамандықтар»<br>**Міндеті:** Өз бетінше қарым-қатынас жасауға, әңгімелесуге, әңгімелесушінің сөзін мұқият тыңдауға, сұрақтарды дұрыс қоюға, оған қысқа және толық нақты жауап беруге баулу; Негізгі ойды дұрыс жеткізе білуге үйрету **(қазақ тілі***, | **Ұлттық ойын – ұлт қазынасы: «**Аударыспақ»<br>**Міндеті:** ұлттық ойынға белсенділікпен қатысуға;бастамашылдық танытуға, ойын ережелерін сақтауға үйрету.<br>**(дене тәрбиесі** )**<br>**(«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы)**<br><br>**Шығармашылық іс-әрекеті**):<br>Жемістерді қарастыру, жапсыру<br>**Міндеті:**<br>Шаблондармен, трафареттермен жұмыс істеудің бастапқы тәсілдерін қалыптастыру.<br>Жапсыру барысында парақ бетінде заттарды дұрыс орналастыру, қарапайым |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | «Мақал-мәтелді жалғастыр»<br>**Міндеті:** Шешендікке, сөз өнеріне баулу.<br>**(қазақ тілі***)** | **Ұлттық ойын – ұлт қазынасы:**<br>**«**Айгөлек»<br>**Міндеті:** ұлттық ойынға белсенділікпен қатысуға; бастамашылдық танытуға, ойын ережелерін сақтауға үйрету. **(дене тәрбиесі** )**<br>**(«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы)** | **Бейнелеу іс-әрекеті:**<br>«Кілем»<br>**Міндеті:** Түзу, ирек, жіңішке, жалпақ сызықтарды, түрлі көлемдегі дөңгелектерді, жақпаларды, нүктелерді ырғақты орналастыра отырып, қарапайым пішінді өрнектерді құрастыра білуді бекіту мақсатында үйретуді жалғастыру)<br>**(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)** | **қарым-қатынас іс-әрекеті) (қазақ тілі***, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | композиция ережелерін сақтау.<br>**(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)** |
| Балалармен жеке жұмыс | **Танымдық және зияткерлік дағдылар**<br>**Дидактикалық ойын:**<br>«Тәулік бөліктері»<br>**Міндеті:** тәулік бөліктерін ажыратуға, олардың сипаттамалық ерекшеліктерін түсіндіруді жалғастыру<br>**(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**<br>*Т.Алихан* | **Коммуникативтік дағдылар**<br>«Мақтақыз бен мысық» ертегісін мазмұндау<br>**Міндеті:** шығарма мазмұнын қайталап айтуда сюжет желісінің реттілігін сақтауға үйрету<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br>*Н.Ясмин* | **Танымдық және зияткерлік дағдылар**<br>**Дидактикалық ойын:**<br>«Уақыт»<br>**Міндеті:** уақытты бағдарлауға үйрету<br>**(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**<br>*Н. Нурсана* | **Шығармашылық дағдылар, зерттеу іс-әрекеті**<br>**Жапсыру:**<br>**Міндеті:** жемістерді, көкөністерді түрлі тәсілдермен қиюға үйрету<br>**(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)**<br>*А.Айым* | **Коммуникативтік дағдылар**<br>Сурет бойынша әңгімелесу<br>**Міндеті:** қарым-қатынас барысында балаларды қойылған сұрақтардың сипатына сәйкес хабарлы, лепті, бұйрықты сөйлемдермен жауап беруге үйрету **(қазақ тілі***) (қарым-қатынас іс-әрекеті)**.<br>*Ж. Арыстан* |
| Серуенге дайындық | Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу.<br>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау.<br>**Міндеті:** өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Серуен | **Күзгі өрмектің ұшуын бақылау (карта №10)**<br>**Міндеті:** Жәндіктердің қоршаған ортаға бейімделуі туралы нақты ұғымдар беру. Ерте күзде көптеген өрмектің ұшуын көруге болады. **(экологиялық мәдениет)** | **Топырақты бақылау. (карта №11)**<br>**Міндеті:** Балалар назарын аяқ астына, жерге аудару. Құрғақ жылы күні топырақ жылы болады, қолға алсаң шашылғыш, түсі ашық сұр болады. Жаңбырлы күні ол қара түсті, тығыз, ылғалды болады. **(экологиялық мәдениет)** | **Алғашқы суық түскенін бақылау (карта № 12)**<br>**Міндеті:** жерге алғашқы қыраудың түсуі – күз белгісі екеніне балалардың көңілін аудару. Ертеңгіліклік жер, үй шатырлары күмістей аппақ болады. Күн суытып аяз күшіне ене бастады. **(экологиялық мәдениет)** | **Тоғанды бақылау (карта № 13)**<br>**Міндеті:** тоғанның күзгі жағдайы туралы, өсімдіктер мен жануарлардың өміріндегі күзгі өзгерістерді болдыратын себептер жайлы түсініктер беру.Тоғанның күзгі және жазғы жағдайын салыстыру. **(экологиялық мәдениет)** | **Шалшықтарды бақылау (карта № 14)**<br>**Міндеті:** назарын Ертеңгіліклік шалшықтардың бетін мұз жабатынына аударту. Осы жағдайда судың қандай күйде екенін еске түсіру (қатты). **(экологиялық мәдениет)** |
| Серуеннен оралу | Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату.<br>Серуеннен оралдық,<br>Көңілді боп таралдық.<br>Аяқ, қолға дем беріп,<br>Сауықтық та, ойнадық!<br>Күн мен жел де күледі,<br>Бәрі бізге тіледі.<br>Қолды жуып, дем алайық,<br>Кел, бөлмеге кірейік!<br>**Мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет.** | | | | |
| Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары) | **Жоба:** «Кел, балалар, оқылық» **«Кітаптар бұрышында»**<br>**Міндеті:** Кітаптарды қарау, балалардың назарын кітаптың безендірілуіне, иллюстрацияларына | **Жоба:** «Кел, балалар, оқылық»<br>**Күз мезгіліне байланысты жұмбақтарды шешу**<br>**Міндеті:** Шешендікке, сөз өнеріне баулу **(қарым-қатынас іс әрекеті)** | **Жоба:** «Кел, балалар, оқылық»<br>**«Жаңылтпаштар әлемі»**<br>**Міндеті:** Балаларды қазақтың жаңылтпаштармен таныстыру, жаңылтпаштарды жатқа айтуға үйрету; Сөздік қорын, | **Жоба:** «Кел, балалар, оқылық»<br>Күз мезгілі туралы өлеңдерді оқу, жаттау<br>**Міндеті:** Балаларды қол жетімді көркем шығармалар мен фольклорға, қызығушылығын дамыту | **Жоба:** «Кел, балалар, оқылық»<br>**Театраландырылған ойын:**<br>**«**Мақтақыз бен мысық» ертегісін сахналау<br>**Міндеті:** Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу, онда рөлді, сюжетті |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | аудару. **(қарым-қатынас іс әрекеті)**<br><br>**Қауіпсіздік сабағы: Дидактикалық ойын:** Жедел көмек: «01, 102, 103 — көмекке кел!» **Міндеті:** Құтқару қызметтерінің нөмірлерін жаттау. **Қажетті құралдар:** Ойыншық телефондар. **Ойын барысы:** Тәрбиеші бір жағдайды айтады (мысалы: «Үй түтіндеп кетті» немесе «Біреудің басы ауырып қалды»). Бала тиісті нөмірді теріп, диспетчерге (тәрбиешіге) өзін таныстырып, мекенжайын айтуды жаттығады.<br>айтып, алыстауы тиіс. **(«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы)**<br><br>**Еркін ойын Міндеті:** Балалардың құрдастарымен және ересектермен өздігінен диалог бастауына ынталандыру, әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстауға, | **Қауіпсіздік сабағы: Дидактикалық ойын:** «Бағдаршам және жаяу жүргінші» **Міндеті:** Бағдаршам түстерін ажырату және оған жылдам әрекет етуді үйрету. **Барысы:** Тәрбиеші (немесе жүргізуші) үш түсті дөңгелекті кезекпен көрсетеді: **Жасыл:** Балалар орнында жүреді (немесе алға адымдайды). **Сары:** Балалар тоқтап, қолдарын шапалақтайды (дайындық). **Қызыл:** Балалар «қатып» қалуы керек. Қозғалған бала ойыннан шығады **(«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы)**<br><br>**Еркін ойын Міндеті:** Балалардың құрдастарымен және ересектермен өздігінен диалог бастауына ынталандыру, әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті | Тіл мәдениетін және ұлттық дүниетанымын қалыптастыру. **(қарым-қатынас іс әрекеті)**<br><br>**Қауіпсіздік сабағы: Дидактикалық ойын:** «Жол белгілерін жина» (Пазл) **Міндеті:** Жол белгілерін тану. **Барысы:** Балаларға бөліктерге бөлінген жол белгілері (жаяу жүргіншілер өткелі, ескерту белгілері) беріледі. Олар оны құрастырып, белгінің не білдіретінін айтып беруі керек. **(«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы)**<br><br>**Еркін ойын Міндеті:** Балалардың құрдастарымен және ересектермен өздігінен диалог бастауына ынталандыру, әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстауға, әдепті және | **(қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br><br>**Қауіпсіздік сабағы: Дидактикалық ойын: «**Өрт сөндірушілер жаттығуы» **Міндеті:** Өрт кезіндегі ептілікті және «101» нөмірін есте сақтауды дамыту. **Барысы:** Кедергілер жолағы жасалады (туннельден өту, орындықтан аттау). Бала соңында ойыншық телефонға жүгіріп барып, «101» нөмірін теріп, өз аты-жөнін және мекенжайын (немесе балабақша атын) айтуы керек. **(«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы)**<br><br>**Еркін ойын Міндеті:** Балалардың құрдастарымен және ересектермен өздігінен диалог бастауына ынталандыру, әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті | таңдауда бастамашылық пен дербестік танытуға ынталандыру. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br><br>**Қауіпсіздік сабағы: Дидактикалық ойын: Міндеті:** Отпен ойнаудың қаупін түсіндіру. **Барысы:** Себетке түрлі заттардың суреттері салынады (сіріңке, шам, доп, қуыршақ, үтік, кітап). Балалар «от шығуы мүмкін» заттарды бір жаққа, қауіпсіз ойыншықтарды екінші жаққа бөліп қоюы тиіс. **(«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы)**<br><br>**Еркін ойын Міндеті:** Балалардың құрдастарымен және ересектермен өздігінен диалог бастауына ынталандыру, әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | әдепті және сабырлы болуға үйрету **(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | ұстауға, әдепті және сабырлы болуға үйрету **(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | сабырлы болуға үйрету **(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | ұстауға, әдепті және сабырлы болуға үйрету **(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | ұстауға, әдепті және сабырлы болуға үйрету **(қарым-қатынас іс-әрекеті)** |
| Балалардың үйге қайтуы | Отбасылық сурет беріп жіберуін сұрау. Отбасылық саяхаттар туралы естелік фотоларды жіберуін сұрау. | Отбасындағы баланың рөлі туралы сұрау | Отбасындағы баланың рөлі туралы сұрау. | Ашық есік күніне шақыру | Іс шарадан алған әсерлерін сұрау. |

**«КЕЛІСІЛДІ»**
**«Алпамыс» бөбекжай-бақшасы» МКҚК**
**әдіскері Коспакаева А.Е.**

**«19» қыркүйек 2025 жыл**

# Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Мектепке дейінгі ұйым: «Алпамыс» бөбекжай-бақшасы» МКҚК
Топ: Мектепалды тобы, №3 «Ботақан»
Балалардың жасы: 5 жастағы
Қандай кезеңге жасалды: 22-26 қыркүйек 2025 ж.

| **Күн тәртібі** | **Дүйсенбі 22.09** | **Сейсенбі 23.09** | **Сәрсенбі 24.09** | **Бейсенбі 25.09** | **Жұма 26.09** |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау | **Қыркүйек- Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік.**<br>**Аптаның дәйексөздері:**<br>«Еңбек қылмай ер оңбас, бірлік қылмай ел оңбас»<br>**(«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы)**<br>Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту жыл мезгілі туралы білімдерін толықтыру (**қазақ тілі*****)<br><br>**«Күй күмбірі»: «Кеңес»** https://zvyki.com/song/90528959/Haly_k_j_-_Ke_es/<br><br>**Үстел ойындары:** «Лото», «Пазлдар», «Сандар»<br>**Міндеті:** ойлау мәдениетін, таным процесін ерікті реттеу, шыдамдылық, ұқыптылық, өзіне деген сенімділікті қалыптастыруға баулу<br>**(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** | | | | |
| | «ҚР Мемлекеттік Гимнін орындау»<br>**Міндеті:** Еліміздің рәміздері, оның маңызы туралы білімдерін кеңейту **(музыка ****)** | **Бейнелеу іс-әрекеті:**<br>«Табиғат» тақырыбына суреттерді қарастыру, бейнелеу | **Саусақ жаттығуы:**<br>«Өрмекші»<br>**Міндеті:** Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру, сөздің | **Саусақ жаттығуы:**<br>«Салат»<br>**Міндеті:** Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру, сөздің | **Саусақ жаттығуы:**<br>«Қызық-ай»<br>**Міндеті:** Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру, сөздің |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **(«Менің Қазақстаным»)**<br><br>**Саусақ жаттығуы:** «Салат»<br>**Міндеті:** Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру, сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу сөздегі дыбыстардың ретін анық айтуға үйрету **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)**<br><br>**Бейнелеу іс-әрекеті:** «Пішіндерді боя»<br>**Міндеті:** Бояулармен жұмыс жасауды жетілдіру (бояғышта акварельді сумен араластыру, қажетті түсті алу), қанық түстер алу үшін қарындашты түрліше басып бояу. **(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті**) | **Міндеті:** Сюжеттерде қарапайым мағыналы байланыстарымен ондағы заттардың арасындағы кеңістіктік қатынастарды жеткізе білу. **(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті**)<br><br>**Саусақ жаттығуы:** «Салат»<br>**Міндеті:** Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру, сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу сөздегі дыбыстардың ретін анық айтуға үйрету **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)** | мағынасына қызығушылыққа баулу сөздегі дыбыстардың ретін анық айтуға үйрету **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)**<br><br>**Еңбек іс-әрекеті:** «Бақша ауласындағы көкөністер»<br>**Міндеті:** Шамасы келетін, бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, дербестік пен жауапкершілікке баулу. **(зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)** | мағынасына қызығушылыққа баулу сөздегі дыбыстардың ретін анық айтуға үйрету **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)**<br><br>**Дидактикалық ойын:** «Қай ән?»<br>**Міндеті:** Ән айтуда дауыспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру. Музыкалық фразалар арасында тыныс алуға **(музыка****)** | мағынасына қызығушылыққа баулу сөздегі дыбыстардың ретін анық айтуға үйрету **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)**<br><br>**Әңгімелесу:** «Құстарды сипатта»<br>**Міндеті:** Негізгі ойды дұрыс жеткізе білуге үйрету, монологты байланыстырып құра білуге, әңгімені бірізді айтуға, шағын логикалық және хабарлау сипатындағы әңгімелерді құрастыруға үйрету **(қарым-қатынас іс-әрекеті)** |
| Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру | **«Өнегелі 15 минут»**<br>**«Еңбекқорлық пен ынтымақтастық»**<br>**Міндеті:** . Ата-аналардың баланы еңбексүйгіштікке тәрбиелеуіне, өз бетінше қызмет ету дағдыларын қалыптастыруына және үлкендердің еңбегін бағалауға ықпал ету.<br>**(«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Еңбек:** «Біз — бір командамыз». Үй жинауды бірге істеп, жұмысты бөліп беру (бірі сүртеді, бірі жинайды). | **Әңгіме:** Нанның қадірі. Ас атасы — нан, оның қалай келетіні, адамдардың еңбегі туралы айту. | **Тапсырма:** Қолөнер минуты. Бірлесіп қағаздан бірдеңе жасау немесе сурет салу. | **Еңбек:** Көмекке мұқтаж жанға көмек. Ескі ойыншықтарын немесе киімдерін реттеп, бөлісу мәдениетін көрсету. | **Әңгіме**: «Көмекші қолдар». Үйдегі үлкендерге (әжесіне, атасына) су беріп, көмектесудің маңыздылығын түсіндіру. |
| Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары) | **Дидактикалық ойын:** «Пішіндер мен денелерді салыстыр» **Міндеті:** Геометриялық фигуралар (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) мен денелерді (шар, текше, цилиндр) дұрыс атап, оларды ажырата білуге жаттықтыру **(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**<br><br>**Құқықтық сауаттылық («Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы)** **Дидактикалық ойын:**«Кімнің құқығы бұзылды?» **Міндеті:** Ертегілер арқылы құқық бұзушылықты ажырата білуге баулу. **Ойын барысы:** Тәрбиеші суреттерді көрсетеді. **Сұрақ-жауап:** | **Дидактикалық ойын:** «Үлкен және кіші» **Міндеті:** Заттардың (5 және одан артық) ұзындығын, биіктігін, ені мен жуандығын анықтай білу, заттарды шамасына қарай өсу және кему ретімен орналастыру. **(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**<br><br>**Құқықтық сауаттылық («Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы)** **Жағдаяттық ойын:** «Көмекке кел» **Міндеті:** Қамқорлық пен отбасы құқығын түсіндіру. **Ойын барысы:** Тәрбиеші бір жағдайды айтады: «Қонжық ауырып қалды, бірақ оған ешкім қарамады». | **Дидактикалық ойын:** «Пішіндерді боя» **Міндеті:** Бояулармен жұмыс жасауды жетілдіру (бояғышта акварельді сумен араластыру, қажетті түсті алу), қанық түстер алу үшін қарындашты түрліше басып бояу. **(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)**<br><br>**Құқықтық сауаттылық («Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы)** **Сюжеттік-рөлдік ойын:** «Сиқырлы сандықша» **Міндеті:** Әр баланың өз есіміне және жеке басына құқығы бар екенін бекіту. **Қажетті құралдар:** Әдемі безендірілген сандықша, кішкентай айна. **Ойын барысы**: | **Бейнелеу іс-әрекеті**: «Жыл мезгілдерін ажырат, суретін сал» **Міндеті:** Бейнелеу әдістерін (штрихтар, бояуларды араластырып, кляксография, жіппен) қолдануға үйрету. **(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)**<br><br>**Дидактикалық ойын:** «Сөзді дұрыс айт» Табиғат тіршілігі **Міндеті:** Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, ң, h дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру **(қазақ тілі***)** | **Шығармашылық іс-әрекет:** «Күннің сәулесі шықты» жапсыру **Міндеті:** Жапсыру барысында парақ бетінде заттарды дұрыс орналастыру, қарапайым композиция ережелерін сақтау Қайшы мен желімді дұрыс қолдану, еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтау дағдыларын пысықтау. **(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)**<br><br>**Құқықтық сауаттылық («Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы)** **Сюжеттік-рөлдік ойын:** «Менің отбасым – менің қорғаным» |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Ертегі кейіпкерлердің қандай құқығы бұзылды «Үш аюда»<br>Машенька аюлардың үйіне рұқсатсыз кіргенде не бұзылды? (Тұрғын үйге қол сұғылмаушылық).<br>Балалар карточкаларды «Дұрыс» және «Бұрыс» деп екіге бөледі.<br>**(қарым-қатынас іс әрекеті)**<br><br>**Қаржылық сауаттылық («Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы)**<br>**Дидактикалық ойын:** «Теңге алу» (Ұлттық ойын негізінде)<br>**Міндеті:** Теңгелерді ажырата білуге, ептілікке және жылдам есептеуге баулу. жиындарды бөліктерге бөлуге және оларды қайта біріктіруге үйрету; бүтін жиын мен оның әр бөлігі арасында байланыс орнатуға үйрету.<br>**(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** | Балалар бұл жағдайдың дұрыс емес екенін айтып, шешім ұсынуы керек. Балалар қонжықты «емдейді», оған «анасы» болып көмектеседі.<br>**Түйін:** Әр баланың отбасында өмір сүруге және ата-анасының қамқорлығында болуға құқығы бар.**(қарым-қатынас іс әрекеті) құқықтық сауаттылық**<br><br>**Қаржылық сауаттылық («Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы)**<br>**Дидактикалық ойын:** «Айырмашылығын табу»<br>**Міндеті:** Зейінділікті дамыту, ақша белгілерінің элементтерін (түсі, саны, суреті) тану; бүтін жиын мен оның әр бөлігі арасында байланыс орнатуға үйрету. **(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** | Тәрбиеші: «Балалар, бұл сандықтың ішінде әлемдегі ең қымбат, ең ерекше адамның суреті бар» дейді.<br>Балалар кезекпен сандыққа қарайды. Оның түбінде айна жатады.<br>Бала айнадан өзін көреді.<br>**Қорытынды:** Әр бала — қайталанбас тұлға. Оның өз есімі, тегі және құрметтелуге құқығы бар .**(қарым-қатынас іс әрекеті)**<br><br>**Қаржылық сауаттылық («Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы)**<br>**Дидактикалық ойын:** «Банкомат»<br>**Міндеті:** Банк қызметі, ПИН-код, картамен жұмыс істеу мәдениетін қалыптастыру. "Қанша?", "Нешінші?" сұрақтарын ажырату, оларға дұрыс жауап беруге үйрету.<br>**(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** | **Құқықтық сауаттылық («Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы)**<br>**Жағдаяттық ойын:** «Көмекке мұқтаж кейіпкерлер»<br>**Міндеті:** Балаларды денсаулық сақтау және білім алу құқықтарымен таныстыру.<br>**Ойын барысы:** Тәрбиеші балаларға ертегі кейіпкерлерінің суреттерін көрсетеді (мысалы: ауырып тұрған Аю, мектепке барғысы келетін Түлкі).<br>**Мәселе қою:** «Аюдың тісі ауырып тұр, ол не істеуі керек? Оның қандай құқығы бар?»<br>**Балалардың жауабы:** «Дәрігерге бару керек.<br>Әр бала емделуге құқылы».<br>Келесі жағдаят: «Ертегідегі кейіпкерлерге мектеп салынды. Олар ол жерде не істейді?».<br>**Тәрбиеші:** «Дұрыс, балалар, сендердің де оқып, білім алуға | **Міндеті:** Баланың отбасында өмір сүру және тәрбиелену құқығы туралы түсінік беру.<br><br>**Ойын барысы:** Ойын бұрышында «Үй» жағдайы жасалады. Балалар рөлдерге бөлінеді: әке, ана, бала, ата-әже.<br>**Сюжет:** Отбасы мүшелері кешкі асқа жиналады. Әрқайсысы бір-біріне көмектеседі (анасы тамақ пісіреді, әкесі баласымен кітап оқиды).<br>Тәрбиеші ойын арасында: «Балалар, әр бала өз отбасында махаббат пен қамқорлықта өсуге құқылы», - деп атап өтеді.<br>**(қарым-қатынас іс әрекеті)**<br><br>**Қаржылық сауаттылық («Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы)**<br>**Дидактикалық ойын:** «Әмиян» |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | құқықтарың бар». **(қарым-қатынас іс әрекеті)**<br><br>**Қаржылық сауаттылық («Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы) Дидактикалық ойын:** «Ақша жұмсауды үйренеміз» **Міндеті**: Қажеттілік пен тілекті ажырату, бюджетті жоспарлауды үйрену. 10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауға жаттықтыру. **(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** | **Міндеті:** балалар ақшаны реттеуді, ірілеуді және ұсақтауды үйренеді 10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауға жаттықтыру. **(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** |
| Ертеңгілік жаттығу | Ертеңгілік жаттығуды орындауға қызығушылық тудыру, дене бітімін қалыптастыру және өкшелерді нығайту.<br>**(дене тәрбиесі**)**<br>**Ертеңгілік жаттығу**<br>№2 кешен<br>Балалар музыка ырғағымен бірінің артынан бірі шеңбер жасап адымдап жүреді.<br>Қолды жоғары көтеріп аяқтың өкшесімен жүреді, қолды белге қойып аяқтың ұшымен ,аяқтың ішкі жағымен, аяқтың сыртқы жағымен жүреді.Қолды белге қойып тізені жоғары көтеріп жүру, ирелеңдеп жүгіру.<br>**1.**Қолда доп, аяқ арасы сәл алшақ.<br>1 дегенде басты алға ию<br>2 дегенде басты оңға ию<br>3 дегенде басты артқа ию<br>4 дегенде басты солға ию бастапқы қалыпқа келу.<br>**2.**Бастапқы қалып,аяқ иық бойымен, қолда доп.<br>1 дегенде допты екі қолмен алға созу, | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 2 дегенде допты жоғары көтеру,<br>3 дегенде допты алға созу<br>4 дегенде допты төмен түсіру.<br>**3.**Бастапқы қалып, қолда доп, аяқ арасы алшақ.<br>1 дегенде допты оң жаққа бұру,<br>2 дегенде допты сол жаққа бұру<br>3 дегенде бастапқы қалыпқа келу.<br>**4.**Бастапқы қалып, аяқ арасы сәл алшақ,<br>қолда доп алға созу.<br>1 дегенде допты алға созып отыру,<br>2 дегенде тұру,<br>3 дегенде бастапқы қалыпқа келу.<br>**5.**Бастапқы қалып, еденге отыру, қолда доп.<br>1 дегенде екі қолмен допты оң аяққа жеткізу,<br>2 дегенде ортаға<br>3 дегенде допты сол аяққа жеткізу.<br>**6.**Бастапқы қалып, қол белде, аяқ иық бойымен,<br>оң аяқпен 4 рет секіру, сол аяқпен 4 рет секіру,<br>қос аяқпен 4 рет секіру, орында тұрып адымдау.<br>Бастапқы қалып, бірінің артынан бірі адымдап жүру, жеңіл жүгіру. Демді қалыпқа келтіру.<br>***Денсаулық ол – шыныққан***<br>***Барлық денең мүшесі.***<br>***Денсаулық ол - тыныққан***<br>***Жүйке тамыр жүйесі.*** | | | | |
| Таңғы ас | Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю<br>Келген асты алдына<br>Тауысып іш қалдырма.<br>Дастарханның басында<br>Әдептен біз бас озбаймыз. **Үнемді тұтыну** | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық (бұдан әрі – ҰІӘ) | **Дидактикалық ойын:** «Ертегіні мазмұнда»<br>**Міндеті:**<br>Көркем шығармалардың мазмұнын | **Дидактикалық ойын:** «Тәулік бөліктері». «Апта күндері» | **Дидактикалық ойын:** «Не қайда өседі?»<br>**Міндеті:** тірі және өлі табиғат, табиғат құбылыстары арасындағы себеп- | **Суреттер қарастыру** «Өсімдіктер» картиналар топтамасынан суреттер қарастыру | **Әңгімелесу:** «Жыл мезгілдерін ажырат»<br>**Міндеті:** тірі және өлі табиғат, табиғат құбылыстары (маусым, өсімдік, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға, тыңдалған көркем шығарма мазмұнын ретімен жүйелі түрде жеткізуге, мүмкіндік беру **(қазақ тілі***)**<br><br>**Дидактикалық ойын:** «Музыкалық сағат»<br>**Міндеті:** Ән айтуда дауыспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру. Музыкалық фразалар арасында тыныс алуға **(музыка****)** | **Міндеті:** Әртүрлі оқиғалардың, апта күндерінің, тәулік бөліктерінің реті туралы білімді бекіту **(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**<br><br>**«Күз тамаша» әнінің сөздерін жаттау**<br>**Міндеті:** Ән айтуда дауыспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру. **(музыка****)** | салдарлық байланыстарды бақылау және түсіну **(зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)**<br><br>**Жаңылташтарды кесте арқылы жаттау**<br>**Міндеті:** шешендікке, сөз өнеріне баулу. **(қазақ тілі***)** | **Міндеті:** тірі және өлі табиғат, табиғат құбылыстары (өсімдік) арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және түсіну **(зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)** | адам еңбегі) арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және түсіну **(зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)** |
| Кестеге сәйкес ҰІӘ | **1.Тіл дамыту**<br>Байланыстырып сөйлеу<br>**Міндеті:** Тыңдау және тілді түсіну дағдыларын қалыптастыру, диалог түрінде сөйлеуге үйрету.<br>**2. Көркем әдебиет**<br>**Міндеті:**<br>Баланың басқа құрдастарымен және ересектермен түрлі дереккөздерден: ғаламтордан, теледидардан, жақындарының әңгімесінен алған ақпараттарымен, | **1.Сауат ашу негіздері**<br>Буын туралы ұғымдарды қалыптастыру<br>**Міндеті**:<br>Сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтау<br>**2. Математика негіздері**<br>Кеңістікті бағдарлау<br>**Міндеті:**<br>Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: заттарды кеңістікте орналастыру (сол | **1.Математика негіздері**<br>Уақытты бағдарлау<br>**Міндеті:**<br>Әртүрлі оқиғалардың, апта күндері туралы білімді бекіту.<br>**2. Сауат ашу негіздері**<br>Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру<br>**Міндеті**:<br>сөйлем сөздерден тұратынын түсіну.<br>**Сөйлемді ауызша талдау:** жай сөйлемдерді сөздерге бөлу. | **1.Сауат ашу негіздері** Сөйлемді ауызша талдау<br>**Міндеті:**<br>Жай сөйлемдерді сөздерге бөлу<br>**2. Математика негіздері**<br>**Міндеті:**<br>Нүктелерді, өрнектерді салуға, тік және көлбеу таяқшаларды, қисық және қиғаш сызықтарды дәптердің тор көзінде сызуға үйрету.<br>**3. Қазақ тілі** | **1.Тіл дамыту**<br>Шығармашылықпен сөйлеу қызметі<br>**Міндеті:**<br>Ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығару..<br>**2. Қоршаған әлеммен таныстыру**<br>Табиғатпен таныстыру<br>**Міндеті:** Тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту. "Өлі табиғат" ұғымымен таныстыру (су, ауа, күн, бұлт, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | әсерлерімен бөлісуіне мүмкіндік беру<br>**3. Қоршаған әлеммен таныстыру**<br>Жол қозғалысы ережелері<br>**Міндеті:**<br>Жолда қауіпсіздік ережелерін сақтау. Жол белгілерін (жүру бөлігі, жаяу жүргіншілер өткелі, тротуар, велосипед, электросамокат, гироскутер, сигвейге арналған жол) білу, бағдаршамның белгілеріне сәйкес жолдан өтуге үйрету.<br>**4. Дене тәрбиесі**<br>«Бадминтон ойыны»<br>**Міндеті:** заттардан аттап жүру, шектелген жазықтықтың үстімен қосалқы қадаммен, аяқтың ұшымен жүру; скамейканың үстіне қойылған текшелерден аттап жүру, арқан бойымен бір қырымен, қосалқы қадаммен (өкшені арқанға, аяқ ұшын еденге қою) жүру<br>*Спорттық ойындар:*<br>Бадминтон. Воланды ракеткамен белгілі бір | жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде).<br>**3. Қазақ тілі**<br>Сөздік қор<br>**Міндеті:**<br>Қазақ халқы қолөнер шеберлерімен жасалған киіз үйдің заттарын және тұрмыстық заттарды білдіретін (кереге, уық, шаңырақ) сөздермен таныстыру<br>**4. Музыка**<br>Ана тілім<br>**Міндеті**:<br>Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету, балалар шығармашылығын дамыту, оларды белсенділікке, дербестікке баулу. | **3. Жапсыру / сурет салу / мүсіндеу / құрастыру**<br>«Әжеміздің қонақжай үйі»<br>**Міндеті**:<br>Дайын үлгілер мен шаблондарды пайдаланып, қағаздан қарапайым тұрмыстық заттардың бейнесін жапсыру.<br>Заттардың бейнесін өзіне тән ерекшеліктерімен салуға үйрету.<br>Бояумен сурет салу кезінде қылқаламды бояуға батыруға үйрету.<br>Мүсіндеудің құрылымдық әдісін (жеке бөліктерден жинау) қолдану және бөліктердің біріккен жерлерін тегістеуге дағдыландыру.<br>Табиғи материалдардың түрлерімен (ағаш, мақта, жүн, асық) таныстыру, олардың қасиеттерін зерттеу.<br>**4. Дене тәрбиесі**<br>«1,5-2мин тоқтамай жүгіру»<br>**Міндеті:** шашырап, жұппен, қатармен бір- | Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті<br>**Міндеті**:<br>Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту<br>**4. Музыка**<br>Ана тілім<br>**Міндеті:**<br>Балаларды шығармалардың эмоционалды мазмұнын, олардың сипатын, көңіл-күйін, динамикалық ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету.<br>Ән айтуда дауыспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру. | тастар, жел, жаңбыр); өлі табиғат заттарын адамның қолымен жасалған заттардан ажырата білу.<br>Өсімдіктер әлемі<br>Туған өлкенің өсімдіктері (ағаштар, бұталар, гүлдер, шөпті өсімдіктер) туралы түсініктерін кеңейту, "орман", "шалғын" және "бақша" ұғымдарымен таныстыру<br>**3. Көркем әдебиет**<br>Санамақ, жаңылтпаш.<br>**Міндеті:**<br>Шешендікке, сөз өнеріне баулу,<br>**4. Дене тәрбиесі**<br>«Допты алып жүру жаттығуы»<br>**Міндеті:** жүру мен жүгіруді алмастырып, заттардың арасымен «жыланша» төрттағандап еңбектеу, кедергілер арасынан еңбектеу; допты басымен итеріп, төрттағандап еңбектеу (арақашықтығы 3-4 метр); гимнастикалық скамейка бойымен қолымен тартылып, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жаққа бағыттай отырып лақтыру. | | бірден, екеуден, үшеуден тізені жоғары көтеріп жүгіру; бір сызыққа қойылған заттардың арасымен, кедергілердің арасымен өту арқылы «жыланша» жүгіру, кедергілерден өту арқылы әртүрлі жылдамдықпен – баяу, жылдам, орташа қарқынмен 1,5–2 минут тоқтамай жүгіру; *Спорттық ойындар.* Баскетбол элементтері. Кеуде тұсынан екі қолымен допты бір-біріне лақтыру. | | иықтары мен тізелеріне сүйене отырып, етпетімен өрмелеу; *Спорттық ойындар***.** Допты оң және сол қолмен алып жүруге жаттықтыру. |
| 2-ші таңғы ас | Гигиеналық шараларды орындау **(мәдени-гигиеналық, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, еңбек әрекеті**, (кезекшілік) Адамның денсаулығы дұрыс тамақтануға байланысты екені туралы түсініктерді жетілдіру **(мәдени-гигиеналық дағдылар).** | | | | |
| Серуенге дайындық | Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Табиғи материалдар туралы не білетіндерін сұрау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру | | | | |
| Серуен | **Бақшада өнім жинауды бақылау (карта № 15)** **Міндеті:** Қыркүйек айында бақшадағы көкөністерді жинау қажет, әйтпесе олар үсіп кетуі мүмкін. Балалармен өнімді жинағанға дейін бақшаны қарап шығу. **Көркем сөз** | **Құстарды бақылау (қараторғай, қара қарға, қаратамақ, қаз, үйректің ұшып кетуі) (карта № 16)** **Міндеті:** Құстардың күз айында өмір сүру мәндерін өзгертетіні туралы ой қалыптастыру, ауа-райындағы | **Торғай, сауысқан, бозторғай, сары шымшықтардың үйлерге келіп қонуын бақылау ( карта №17)** **Міндеті:** Торғай, сауысқан, бозторғай, сары шымшықтардың үйлерге келіп қонуын бақылау | **Ағаштарды бақылау (қайың, үйеңкі, терек, шырша, шетен ағашы, қарағаш) ( карта №18)** **Міндеті:** Аулада өсіп тұрған ағаштарды айыра білге үйрету. Күз айында ағаштардың қандай өзгерістерге | **Тал ағаштарды бақылау (жұпаргүл, мойыл, итмұрын, шетен ағашы) ( карта №19)** **Міндеті:** Түрлі тал ағаштарын және олардың атауларын ажырата білуге үйрету. Олардың бұтақтарының |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Берекесін сыйлауға,<br>Өлкемізге күз келді.<br>Жемістерін жинауға<br>Шақырады біздерді<br>**Мақал-мәтелдер**<br>Неексең, соны орасың.<br>Қыстың қамын жазда ойла.<br>**Ырым**<br>Егер көкөністердің қабығы жұқа болса – қыс жылы, қалың және қатты болса – аязды болады<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:**<br>«Бағбаншылар»<br>Жүгіріп жарыса отырып (топтарға бөліну), тапсырманы орындау (көкөніс дақылдарын жинау). Тапсырманы дұрыс және бірінші болып орындағандар жеңімпаз атанады, ойынның аяқталуы бойынша әр топтағы балалар құрамын санау.<br>**Еңбектену әрекеті**<br>Бақшадағы өнімді жинау<br>Сәбіз бен қызанақты ұқыпты қазып алу, қазылған көкөністерді жәшіктер мен себеттерге салу, сабақтарын бір жерге үю. Балаларды тату жұмыс жасай білуге, бір-біріне кедергі | өзгерістермен байланыстыру.<br>**Көркем сөз**<br>«Қанатын қағып қаздар да,<br>Көкпенен жүзіп өткен-ді»<br>**Ырымдар**<br>Қаз ұшса – жақында қар түседі.<br>Қараторғай ұзаққа ұшпаса – күз құрғақ болады.<br>Қаздар ұшса, қыстың жақындағаны<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:**<br>«Құстардың ұшып кетуі»<br>Балалардың тірек-қимыл белсенділіктерін іске асыру, сәйкес дыбыстар арқылы әрекеттер жасау және қимылдарға сөздер үйлестіру.<br>**Еңбектену әрекеті**<br>Бақшада түбірлерді қазу<br>Балаларды еңбектенуге тәрбиелеу, күректі қолдана отырып, сол аяқтың көмегімен жер түптерін қазу, жерді күрек сабының бойындай қазу. | Салқын біліне бастағанда құстар үйлерді паналайды. Олар адамдарға қор іздеп келеді.<br>**Көркем сөз**<br>Торғай отыр томпиып,<br>Құйрықтары шолтиып.<br>Сауысқаның сақ отыр,<br>Сары шымшық тағы отыр<br>**Ырымдар**<br>Сары шымшық үйге ұшып қонса – қыс мезгілінің жақындағаны.<br>Торғайлар орыннан орынға ұша берсе көп ұзамай жел тұрады.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:**<br>«Аққулар мен қаздар»<br>Балалардың тірек-қимыл әрекеттері мен сөйлеу қабілеттерін дамыту.<br>**Еңбектену әрекеті**<br>Құстарға арналған азық дайындау<br>Балалармен бірге құстарға азық жинау (шұңқыр түбі, орындар). Азықтарды нығыздап байлау, жүктелген жұмысқа жауапкершілікпен қарау. | ұшырайтынын баяндау.<br>**Көркем сөз**<br>Көше бойы аралас,<br>Қаптап өскен қарағаш.<br>Жемісі жоқ болса да,<br>Саясы көп дара ағаш<br>(А. Шаяхметов)<br>Өсіп тұрған бұл не?<br>Жаз болса жайнап.<br>Саясында ән салып,<br>Құстар жүрген сайрап.<br>Салқын түссе шешіліп,<br>Қалады өзі жайрап.<br>(Ағаш)<br>**Ырымдар**<br>Егер де қайың ағашының жапырақтары жоғарыдан бастап сарғайса күз ерте түседі, ал төменнен болса – кеш түседі.<br>Шетен ағашының жемісі көп болса – жаз жаңбырлы және қыс қатты болады, аз болса –күз құрғақ болады.<br>**Қимыл - қозғалыс ойыны:**<br>«Аталған ағашқа жүгіру»<br>Сыртқы көріністері ұқсас бола тұрса да ағаштардың айырмашылығын табу, қандай ағаш аталды, және сәйкес келсе «бір, | түстеріне көңіл аудару, мысалға жұпаргүл күз айында да өз бояуын жоғалтпайды<br>**Көркем сөз**<br>Айнала тал-терек,<br>Желпиді желегін.<br>(К. Сүлейменов)<br>Жұмбақтар<br>Итмұрын – өсімдіктің тікенегіне байланысты аталған.<br>Жемісін жұлып алсаң, тікені қолыңа кіреді.<br>Шетен ағашы – онан көз ашиды, жапырақтары өткір, шұбар келген.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:**<br>«Соқыртеке»<br>Байлаулы көздерімен түрлі бағыттарда қозғала білуге үйрету. Ойын ережесін орындау (біреуді ұстап алу, ұсталған соқыртеке болады; соқыртеке шекарадан шығып кетпес үшін «от» деген сөзбен ескертеді).<br>Кеңістікте бағдарын табуға үйрету.<br>**Еңбектену әрекеті** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | келтірмеуге, ортақ істі бірлесіп аяқтауға үйрету<br>**Дидактикалық ойын. Тәжірибелер мен сұрыптамалар жасау**<br>«Көкөністерге қажетті сөздерді тап»<br>Көкөністерге қатысты қажетті сөздерді таңда: байланыстыра сөйлей білу, логикалық ойлау қабілеттерін дамыту.<br>«Үсті-асты» Сабағына тамырын сәйкес теруге үйрету.<br>**Жеке жұмыс:** аяқтың ұшымен, аяқтың ішкі және сыртқы қырымен жүруге үйрету<br>**Өзіндік іс-әрекет (зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті) (экологиялық мәдениет)** | Қазылған құмды бір жағына үю. Күрекпен және тырмамен жұмыс жасай білуге үйрету.<br>**Дидактикалық ойын. Тәжірибелер мен сұрыптамалар жасау**<br>Жыл құстарын атау (доппен ойын)<br>Допты лақтыру әдісі арқылы жыл құстарын тез атау.<br>**Жеке жұмыс:** аяқтың ұшымен, аяқтың ішкі және сыртқы қырымен жүруге үйрету<br>**Өзіндік әрекет**<br>Балаларды өз рольдері мен серіктестерінің рольдерін есте сақтауға оқыту, ойын барысын толық орындауға және 1 сюжетте 2-3 рөл сомдауға үйрету; қарым-қатынас ережесін білу – бағыну, теңдік, басқару.<br>**(зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті) (экологиялық мәдениет)** | **Дидактикалық ойын. Тәжірибелер мен сұрыптамалар.**<br>«Сипаттауына қарап құсты анықта»<br>Балаларға түрлі құстарды салу арқылы жаттығу жасату, суреттеп бейнелеуден оларды бірден табу.<br>Өзара сөйлесу дағдыларын дамыту.<br>**Жеке жұмыс:** аяқтың ұшымен, аяқтың ішкі және сыртқы қырымен жүруге үйрету<br>**Өзіндік әрекет**<br>Ойын барысында балаларды достық, ұжымдық қарым-қатынас мәдениеті мен ережелеріне үйрету.<br>**(зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті) (экологиялық мәдениет)** | екі, үш – жүгіреміз біз!» деп дабылмен жүгіру.<br>**Еңбектену әрекеті**<br>Құстарды қыста тамақтандыру үшін ағаш дәндері мен талдарын жинау<br>Балаларды жұмыс жасай білуге үйрету, ол еңбектің мәнін түсіндіру.<br>**Дидактикалық ойын..**<br>**Тәжірибе жасау.** Түрлі ағаштардың жапырақтарын қарау, ұстау, көру арқылы ағаш жапырақтарының кедір-бұдыр ма әлде тегіс пе екенін анықтау.<br>Түйін. Ағаштардың жапырақтары әр түрлі.<br>**Жеке жұмыс:** скамейканың үстіне қойылған текшелерден аттап жүруге үйрету<br>**Өзіндік әрекет (зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті) (экологиялық мәдениет)** | Бұтақтар түбін қазу Еңбектенуге үйрету, еңбек дағдысын қалыптастыру. Ұқыпты жасай білуге, достарына колғабыс ете білуге тәрбиелеу.<br>**Дидактикалық ойын. Тәжірибелер мен сұрыптамалар.**<br>«Шатастырушы»<br>Ағаш бұталарының тұқымын салыстыруға үйрету, қандай бұтадан алынғанын айыра білу (тәрбиеші бұтақтар мен жапырақтардың орнын ауыстырып, балаларды шатастырады).<br>**Жеке жұмыс:** скамейканың үстіне қойылған текшелерден аттап жүруге үйрету<br>**Өзіндік әрекет**<br>Бірлескен ойындарда өздерінің қимыл-әрекеттеріне жауапкершілікпен қарау, ойын мақсатын жете түсіну.<br>**(зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | **әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті) (экологиялық мәдениет)** |
| Серуеннен оралу | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды үйрету Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау | | | | |
| Түскі ас | Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу»<br>Кезекшілердің жұмысы ( асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою)<br>Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану, сөйлеспеу, алғыс айту) | | | | |
| Күндізгі ұйқы | Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру.<br>Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету.<br>Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотериканы дамыту)<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Электронды кітаптан ертегі қойып беру (**көркем әдебиет**) | | | | |
| Біртіндеп ұйқыдан ояту,<br>сауықтыру шаралары | Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. .<br>(**дене жаттығулар мен белсенділігі**)<br>Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету.<br>Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету.<br>**Ұйқыдан кейінгі жаттығулар**<br>**№ 2**<br>**Керуеттегі жаттығулар**<br>Балалар ұйқыдан оянады.<br>- Балалар төсекте, арқаға жатып, қолын жанына созу, демдерін бірнеше секунд іште ұстап, еркін шығару.<br>- Балалар төсекте, арқаға жатып қолды екі жаққа созу, жұдырықтарын жұму, қолдарын алға созып айқастыру, демалу.<br>- Балалар төсекте, арқаға жатып қолдарын бастарына қойып кезекпен сол аяқтарын, он аяқтарын көтеру, екеуін бірге ұстап, жайлап түсіру.<br>- Балалар төсекте, арқаға жатып шынтақтарын тіреп иілу, кеуделерін жоғары көтеру, басты тік ұстау 3 - 5 секунд.<br>- Балалар төсекте, ішке жатып, қолдарын жанына қою, аяқтарын көтеріп, велосипед тебу.<br>**Керует жанындағы жаттығулар**<br>**"Құстар"**<br>1. "Құстар оянды" - Б.қ.: аяқты сәл алшақ қою. Қолдарды жан-жаққа созу, былғау – «құстар қанат қағып жатыр».<br>2. «Құстар достарын шақырып жатыр» - Б.қ.: тұрып, қол белде, аяқ сәл алшақ. Оң жаққа, сол жаққа бұрылу, «Шиқ-шиқ» деп айту. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 3. «Құстар жем шұқып жатыр» - Б.қ.: тұрып, аяқ сәл алшақ, қол төменде. Отыру, саусақпен еденді соғу, бастапқы қалыпқа келу.<br>4. "Құстар көңілденіп жатыр" - Б.қ.: тұрып, аяқ сәл алшақ, қол түсірілген. Жүріспен кезектесіп, бір орында секіру.<br>**Шынықтыру шарасы**<br>«Денсаулық» жолымен жүру.<br>Арнайы жолдармен,<br>Жалаң аяқ жүреміз.<br>Табанға біз нүктелі,<br>Массаж жасау білеміз.<br>**Демалуды қалыпқа келтіру**<br>Бәріміз бірге еңкейейік.<br>Бірге секірейік.<br>Бірге созылайық.<br>Бірге қолымызды созайық.<br>Бірге еңбектейік.<br>Бірге тіземізді ұстайық.<br>Бір орында секіру.<br>Тыныс алу.<br>«Денсаулығым керемет, жаттығуға рахмет!» | | | | |
| Бесін ас | Кезекшілердің жұмысы ( асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау)<br>Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)** | | | | |
| Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары) | **Еңбек іс-әрекеті:**<br>Жапырақтардан, гүлдерден дестелер жасап, аналарына сыйлауға дайындау.<br>**Міндеті:** Шамасы келетін, бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, дербестік пен жауапкершілікке баулу.<br>**(зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-** | **Еңбек іс-әрекеті:**<br>Жасалған қамырдан нан, бауырсақ, торт т.б балалардың қалауы бойынша мүсіндер жасату.<br>**Міндеті:** Шамасы келетін, бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, дербестік пен жауапкершілікке баулу.<br>**(зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет,** | **«Күз тамаша» әнінің сөздерін жаттау**<br>**Міндеті:** Ән айтуда дауыспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру. Музыкалық фразалар арасында тыныс алуға **(музыка****)**<br><br>**Ұлттық ойын – ұлт қазынасы:**<br>**«**Бестемше»<br>**Міндеті:** ұлттық ойынға белсенділікпен қатысуға;бастамашылд | **Дидактикалық ойын:**<br>«Жыл мезгілдері»<br>**Міндеті:** жыл мезгілдері бойынша айларды атауға үйрету<br>**(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**<br><br>**Ұлттық ойын – ұлт қазынасы:**<br>**«**Айгөлек»<br>**Міндеті:** ұлттық ойынға белсенділікпен | **Дидактикалық ойын:**<br>Ағаштар мен гүлдерге геометриалық пәшәндерді қолданумен жол табу<br>**Міндеті:** заттарды кеңістікте орналастыру (сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде).<br>**(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **әрекеті, еңбек іс-әрекеті)**<br><br>**Ұлттық ойын – ұлт қазынасы:**<br>**«**Жүзік жасырмақ»<br>**Міндеті:** ұлттық ойынға белсенділікпен қатысуға;бастамашылдық танытуға, ойын ережелерін сақтауға үйрету. **(дене тәрбиесі**)**<br>**(«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы)** | **қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)**<br>**(Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік)**<br><br>**Ұлттық ойын – ұлт қазынасы:**<br>**«**Тақия тастамақ»<br>**Міндеті:** ұлттық ойынға белсенділікпен қатысуға;бастамашылдық танытуға, ойын ережелерін сақтауға үйрету. **(дене тәрбиесі** )**<br>**(«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы)** | ық танытуға, ойын ережелерін сақтауға үйрету. ,<br>қызығушылықтарын арттыру **(дене тәрбиесі**)**<br>**(«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы)** | қатысуға;бастамашылдық танытуға, ойын ережелерін сақтауға үйрету.<br>**(дене тәрбиесі**)**<br>**(«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы)** | **«Күз» мезгіліне арналған әндерді қайталау, сөздерін жаттау**<br>**Міндеті:** Ән айтуда дауыспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру. Музыкалық фразалар арасында тыныс алуға **(музыка****)**<br><br>**Ұлттық ойын – ұлт қазынасы:**<br>**«**Әткеншек»<br>**Міндеті:** ұлттық ойынға белсенділікпен қатысуға;бастамашылдық танытуға, ойын ережелерін сақтауға үйрету. **(дене тәрбиесі** )**<br>**(«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы)** |
| Балалармен жеке жұмыс | **Коммуникативтік дағдылар**<br>Сурет бойынша әңгімелеу<br>**Міндеті:** қарым-қатынас барысында балаларды қойылған сұрақтардың сипатына сәйкес хабарлы, лепті, бұйрықты сөйлемдермен жауап беруге үйрету **(қарым-** | **Коммуникативтік дағдылар**<br>**Дидактикалық ойын:**<br>«Сөйлемді жалғастыр»<br>**Міндеті:** сан есімдерді ретімен атауды, оларды зат есімдермен септіктерде, жекеше және көпше түрде байланыстыруға үйрету | **Коммуникативтік дағдылар**<br>**Дидактикалық ойын:**<br>«Сөздер әлемі»<br>**Міндеті** салт-дәстүрлер туралы айтуға үйрету **(қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br>**(қазақ тілі***)**<br>*Ж. Амир* | **Коммуникативтік дағдылар**<br>Әңгіме құрастыру<br>**Міндеті:** сан есімдерді ретімен атауды, оларды зат есімдермен септіктерде, жекеше және көпше түрде байланыстыруға үйрету **(қарым-** | **Коммуникативтік дағдылар**<br>«Түлкі мен қоян” ертегісін мазмұндау<br>**Міндеті:** шығарма мазмұнын қайталап айтуда сюжет желісінің реттілігін сақтауға үйрету<br>**(қазақ тілі***)**<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **қатынас іс-әрекеті) (қазақ тілі***)** *А. Айзере* | **(қарым-қатынас іс-әрекеті) (қазақ тілі***)** *А. Айым* | | **қатынас іс-әрекеті) (қазақ тілі***)** *К.Дінмұхамед* | *Б. Аиша* |
| Серуенге дайындық | Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру | | | | |
| Серуен | **Бақшада өнім жинауды бақылау (карта № 15)** **Міндеті:** Қыркүйек айында бақшадағы көкөністерді жинау қажет, әйтпесе олар үсіп кетуі мүмкін. Балалармен өнімді жинағанға дейін бақшаны қарап шығу. **(экологиялық мәдениет)** | **Құстарды бақылау (қараторғай, қара қарға, қаратамақ, қаз, үйректің ұшып кетуі) (карта № 16)** **Міндеті:** Құстардың күз айында өмір сүру мәндерін өзгертетіні туралы ой қалыптастыру, ауа-райындағы өзгерістермен байланыстыру. **(экологиялық мәдениет)** | **Торғай, сауысқан, бозторғай, сары шымшықтардың үйлерге келіп қонуын бақылау ( карта №17)** **Міндеті:** Торғай, сауысқан, бозторғай, сары шымшықтардың үйлерге келіп қонуын бақылау Салқын біліне бастағанда құстар үйлерді паналайды. Олар адамдарға қор іздеп келеді. **(экологиялық мәдениет)** | **Ағаштарды бақылау (қайың, үйеңкі, терек, шырша, шетен ағашы, қарағаш) ( карта №18)** **Міндеті:** Аулада өсіп тұрған ағаштарды айыра білге үйрету. Күз айында ағаштардың қандай өзгерістерге ұшырайтынын баяндау. Себебін сұрау? Жапырақты және қылқанды ағаштар туралы түсіндіру. **(экологиялық мәдениет)** | **Тал ағаштарды бақылау (жұпаргүл, мойыл, итмұрын, шетен ағашы) ( карта №19)** **Міндеті:** Түрлі тал ағаштарын және олардың атауларын ажырата білуге үйрету. Олардың бұтақтарының түстеріне көңіл аудару, мысалға жұпаргүл күз айында да өз бояуын жоғалтпайды **(экологиялық мәдениет)** |
| Серуеннен оралу | Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату.<br>Серуеннен оралдық,<br>Көңілді боп таралдық.<br>Аяқ, қолға дем беріп,<br>Сауықтық та, ойнадық!<br>Күн мен жел де күледі,<br>Бәрі бізге тіледі.<br>Қолды жуып, дем алайық,<br>Кел, бөлмеге кірейік!<br>**Мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет.** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары) | **Жоба: «**Кел, балалар, оқылық»<br>**Мақал- мәтелдерді жаттау:**<br>**Міндеті:** Ауыз әдебиеті және шешендік өнерге баулу<br>Сөйлегенде мақал-мәтелдерді қолдануға баулу.<br>Шешендікке, сөз өнеріне баулу **(қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br><br>**Қауіпсіздік сабағы:**<br>**Дидактикалық ойын:**<br>«Жол жүру ережесі»<br>**Міндеті**: Көлік түрлері, жол бөліктері, жолда жүру ережелері туралы білімдерін қалыптастыру.<br>**(«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы)**<br><br>**Еркін ойын**<br>**Міндеті:**<br>Балалардың құрдастарымен және ересектермен өздігінен диалог бастауына ынталандыру, әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстауға, әдепті және сабырлы болуға үйрету | **Жоба: «**Кел, балалар, оқылық»<br>**Дидактикалық ойын:** «Мақалды жалғастыр»<br>**Міндеті:** Ауыз әдебиеті және шешендік өнерге баулу<br>Сөйлегенде мақал-мәтелдерді қолдануға баулу.<br>Шешендікке, сөз өнеріне баулу **(қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br><br>**Қауіпсіздік сабағы:**<br>**Дидактикалық ойын:**<br>«Бағдаршам»<br>**Міндеті**: Бағдаршам белгілері, жолда жүру ережелері туралы білімдерін қалыптастыру.<br>**(«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы)**<br><br>**Еркін ойын**<br>**Міндеті:**<br>Балалардың құрдастарымен және ересектермен өздігінен диалог бастауына | **Жоба:** «Кел, балалар, оқылық»<br>**«Түлкі мен тырна» ертегісімен танысу**<br>**Міндеті:** Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету, олардың мазмұнын түсінуге, себеп-салдарлық байланыстарды, ажыратуға үйрету **(қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br><br>**Қауіпсіздік сабағы:**<br>**Дидактикалық ойын:**<br>«Қауіпті заттарды жина»<br>**Міндеті:** Үйдегі өткір, кесетін және қауіпті заттарды анықтау.<br>**(«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы)**<br><br>**Еркін ойын**<br>**Міндеті:**<br>Балалардың құрдастарымен және ересектермен өздігінен диалог бастауына ынталандыру, әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстауға, әдепті және сабырлы | **Жоба:** «Кел, балалар, оқылық»<br>**Мазмұндау:**<br>**Міндеті:** Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып, эмоциямен, қисынды қайталап айтып беруге, диалогтік сөйлеуді дамыту, кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіруге үйрету.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br><br>**Қауіпсіздік сабағы:**<br>**Әңгімелесу:**<br>«Әдептілік»<br>**Міндеті:**<br>үйдегі, балабақша тобындағы міндеттері туралы түсініктерін кеңейту<br>**(«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы)**<br><br>**Еркін ойын**<br>**Міндеті:**<br>Балалардың құрдастарымен және ересектермен өздігінен диалог бастауына | **Жоба:** «Кел, балалар, оқылық»<br>**Театрландырылған іс-әрекет:**<br>«Түлкі мен тырна», ертегісін сахналау<br>**Міндеті:** сахналық қойылымдарға қатысуға баулу, онда рөлді, сюжетті таңдауда бастамашылық пен дербестік танытуға ынталандыру.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br><br>**Қауіпсіздік сабағы:**<br>**Әңгімелесу:**<br>Өрт қауіпсіздігі: «От — дос па, әлде қас па?»<br>**Міндеті:** оттың пайдасы мен зиянын ажырата білуге баулу.<br>**(«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы)**<br>**Еркін ойын**<br>**Міндеті:**<br>Балалардың құрдастарымен және ересектермен өздігінен диалог бастауына ынталандыру, әңгімелесу кезінде |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **(қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br>**Сөздік минимум**: татуласыңдар, бірге ойнайық, алуға бола ма? Рұқсат па? Ренжімеңіз! | ынталандыру, әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстауға, әдепті және сабырлы болуға үйрету **(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | болуға үйрету **(қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br>**Сөздік минимум:** татуласыңдар, бірге ойнайық, алуға бола ма? Рұқсат па? Ренжімеңіз! | ынталандыру, әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстауға, әдепті және сабырлы болуға үйрету **(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | өзін мәдениетті ұстауға, әдепті және сабырлы болуға үйрету **(қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br>**Сөздік минимум:** татуласыңдар, бірге ойнайық, алуға бола ма? Рұқсат па? Ренжімеңіз! |
| Балалардың үйге қайтуы | Ата аналарды кітаптар бойынша жүргізілетін жұмыс жоспарымен таныстыру. | Үйде кітап оқып беруге кеңес беру. Сүйікті кейіпкерін сомдап ойнауын ұсыну | Ата аналарды кітаптар бойынша жүргізілетін жұмыс жоспарымен таныстыру | Үйде кітап оқып беруге кеңес беру | Сүйікті кітабын алдырту |

**«КЕЛІСІЛДІ»**
**«Алпамыс» бөбекжай-бақшасы» МКҚК**
**әдіскері Коспакаева А.Е.**

**«26» қыркүйек 2025 жыл**

# Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Мектепке дейінгі ұйым: «Алпамыс» бөбекжай-бақшасы» МКҚК
Топ: Мектепалды тобы, №3 «Ботақан»
Балалардың жасы: 5 жастағы
Қандай кезеңге жасалды: 29, 30 қыркүйек 2025 ж.

| **Күн тәртібі** | **Дүйсенбі 29.09** | **Сейсенбі 30.09** | **Сәрсенбі** | **Бейсенбі** | **Жұма** |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау | **Қыркүйек – Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік**<br>**Аптаның дәйексөздері**:<br>«Еңбек қылмай ер оңбас, бірлік қылмай ел оңбас»<br>**(«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы)**<br><br>Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту жыл мезгілі туралы білімдерін толықтыру (**қазақ тілі*****)<br><br>**«Күй күмбірі»: «Кеңес»** https://zvyki.com/song/90528959/Haly_k_j_-_Ke_es/ | | | | |
| | «ҚР Мемлекеттік Гимнін орындау»<br>**Міндеті:** Еліміздің рәміздері, оның маңызы туралы білімдерін кеңейту **(музыка ****) («Менің Қазақстаным»)**<br><br>**Еңбек іс-әрекеті**<br>**«**Кітаптар шеберханасы**»**<br>**Міндеті:** Шамасы келетін, бірлескен еңбек әрекетіне | **Еңбек іс-әрекеті:**<br>«Ойышықтар шеберханасы»<br>**Міндеті:** Шамасы келетін, бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, дербестік пен жауапкершілікке баулу.<br>**(зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет,** | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, дербестік пен жауапкершілікке баулу. **(зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)** | **қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)** | | | |
| Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру | **«Өнегелі 15 минут»**<br>**«Еңбекқорлық пен ынтымақтастық»**<br>**Міндеті:** Ата-аналардың баланы еңбексүйгіштікке тәрбиелеуіне, өз бетінше қызмет ету дағдыларын қалыптастыруына және үлкендердің еңбегін бағалауға ықпал ету<br>**(«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы)** | | | | |
| | **Әңгіме:** «Өзіне-өзі қызмет ету дағдылары»<br>5-6 жастағы баланың киіну, жиналу және өз заттарына жауап беру деңгейін талқылау. | **Әңгіме:**<br>Ай бойы үйренген жақсы қасиеттерін айтып, баланы «Адамгершілігі мол бала» деп марапаттау. | | | |
| Балалардың іс-әрекеті<br>(ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары) | **Дидактикалық ойын:**<br>«Дыбысты ата»<br>**Міндеті:** сөздерге дыбыстық талдау жасайды **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)**<br><br>**Құқықтық сауаттылық («Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы)**<br>**Сюжетті-рөлдік ойын:**<br>«Емхана»<br>**Міндеті:** Балалардың медициналық көмек алу құқығы туралы білімдерін бекіту.<br>**Ойын барысы:** | **Бейнелеу іс-әрекеті:**<br>«Табиғат» тақырыбына суреттерді салу<br>**Міндеті:** Сюжеттерде қарапайым мағыналы байланыстарымен ондағы заттардың арасындағы кеңістіктік қатынастарды жеткізе білу **(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)**<br><br>**Құқықтық сауаттылық («Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы)**<br>**Дидактикалық ойын:** | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Бала ауырып қалды, ата-анасы оны дәріг ерге алып келеді.<br>Тәрбиеші: «Егер бала ауырып қалса, оның емделуге, дәрігер көмегін алуға толық құқығы бар», - деп түсіндіреді.<br>**(қарым-қатынас іс әрекеті)**<br><br>**Қаржылық сауаттылық («Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы)**<br>**Дидактикалық ойын:**<br>«Ақша жұмсауды үйренеміз»<br>**Міндеті**: Қажеттілік пен тілекті ажырату, бюджетті жоспарлауды үйрену.<br>10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауға жаттықтыру. **(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** | «Көмекке асығайық» (Міндеттер мен Құқықтар)<br>**Міндеті:** Құқық пен міндеттің аражігін ажырату.<br>**Барысы:** Тәрбиеші түрлі жағдайларды айтады, ал балалар егер ол **құқық** болса — қолдарын жоғары көтереді, егер **міндет** болса — қолдарын белдеріне қояды.<br>Тәртіп сақтау (Міндет).<br>Ойын ойнау (Құқық).<br>Үлкендерге көмектесу (Міндет).<br>Дәрігерге қаралу (Құқық).<br>Ойыншықтарды жинау (Міндет).<br><br>**Қаржылық сауаттылық («Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы)**<br>**Дидактикалық ойын:**<br>«Әмиян»<br>**Міндеті:** Балалар ақшаны реттеуді, ірілеуді және ұсақтауды үйренеді.<br>10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауға жаттықтыру **(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** | | | |
| Ертеңгілік жаттығу | Ертеңгілік жаттығуды орындауға қызығушылық тудыру, дене бітімін қалыптастыру және өкшелерді нығайту.<br>**(дене тәрбиесі**)**<br>**Ертеңгілік жаттығу**<br>№2 кешен (доппен) | | | | |

| | |
|---|---|
| | Балалар музыка ырғағымен бірінің артынан бірі шеңбер жасап адымдап жүреді.<br>Қолды жоғары көтеріп аяқтың өкшесімен жүреді, қолды белге қойып аяқтың ұшымен ,аяқтың ішкі жағымен, аяқтың сыртқы жағымен жүреді.Қолды белге қойып тізені жоғары көтеріп жүру, ирелеңдеп жүгіру.<br>**1.**Қолда доп, аяқ арасы сәл алшақ.<br>1 дегенде басты алға ию<br>2 дегенде басты оңға ию<br>3 дегенде басты артқа ию<br>4 дегенде басты солға ию бастапқы қалыпқа келу.<br>**2.**Бастапқы қалып,аяқ иық бойымен, қолда доп.<br>1 дегенде допты екі қолмен алға созу,<br>2 дегенде допты жоғары көтеру,<br>3 дегенде допты алға созу<br>4 дегенде допты төмен түсіру.<br>**3.**Бастапқы қалып, қолда доп, аяқ арасы алшақ.<br>1 дегенде допты оң жаққа бұру,<br>2 дегенде допты сол жаққа бұру<br>3 дегенде бастапқы қалыпқа келу.<br>**4.**Бастапқы қалып, аяқ арасы сәл алшақ,<br>қолда доп алға созу.<br>1 дегенде допты алға созып отыру,<br>2 дегенде тұру,<br>3 дегенде бастапқы қалыпқа келу.<br>**5.**Бастапқы қалып, еденге отыру, қолда доп.<br>1 дегенде екі қолмен допты оң аяққа жеткізу,<br>2 дегенде ортаға<br>3 дегенде допты сол аяққа жеткізу.<br>**6.**Бастапқы қалып, қол белде, аяқ иық бойымен,<br>оң аяқпен 4 рет секіру, сол аяқпен 4 рет секіру,<br>қос аяқпен 4 рет секіру, орында тұрып адымдау.<br>Бастапқы қалып, бірінің артынан бірі адымдап жүру, жеңіл жүгіру. Демді қалыпқа келтіру.<br>***Денсаулық ол – шыныққан***<br>***Барлық денең мүшесі.***<br>***Денсаулық ол - тыныққан***<br>***Жүйке тамыр жүйесі.*** |
| Таңғы ас | Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю<br>**(«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы; «Үнемді тұтыну»)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Өз орнын тауып отыру. Ас болсын сөзін айтуды қалыптастыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде аузын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру**. (қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br>Келген асты алдына<br>Тауысып іш қалдырма.<br>Дастарханның басында<br>Әдептен біз бас озбаймыз **(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық (бұдан әрі – ҰІӘ) | **Дидактикалық ойын:**<br>«Үлкен және кіші»<br>**Міндеті:** Заттардың (5 және одан артық) ұзындығын, биіктігін, ені мен жуандығын анықтай білу, заттарды шамасына қарай өсу және кему ретімен орналастыру.<br>**(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**<br><br>**Дидактикалық ойын:**<br>«Қай ертегінің кейіпкері?»<br>**Міндеті:** кейіпкерлердің мінез-құлқын жеткізуге баулу, шығарманы еркін талқылауға мүмкіндік беру, ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту<br>**(қазақ тілі***)** | **Дидактикалық ойын:**<br>«Дыбысты ата»<br>**Міндеті:** сөздерге дыбыстық талдау жасайды **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)**<br><br>**«Күз тамаша» әнінің сөздерін жаттау**<br>**Міндеті:** Ән айтуда дауыспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру.<br>**(музыка****)** | | | |
| Кестеге сәйкес ҰІӘ | **1.Тіл дамыту**<br>Шығармашылықпен сөйлеу қызметі<br>**Міндеті:** бақылаулар мен суреттер бойынша сипаттау және хабарлау әңгімелерін құрастыру, өзара байланысты бірізді сюжет | **1. Сауат ашу негіздері**<br>Қолды жазуға дайындау.<br>**Міндеті**: Жазу кезінде арқаны дұрыс ұстау ережелерімен таныстыру. Жазу парағында бағдарлай білу, жазу жолы | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | құрастыруға, сөйлегенде бейнелі сөздерді, эпитеттерді, салыстыруларды қолдануға үйрету<br>**2. Көркем әдебиет**<br>Рза Кунакова «Жемістер жыры»<br>**Міндеті:** Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу<br>**3.Қоршаған әлеммен таныстыру**<br>Жануарлар әлемі<br>**Міндеті:**<br>Қазақстан аумағын мекендейтін жануарлар мен олардың төлдерін атау және олардың өздеріне тән белгілері бойынша ажыратуға үйрету. Қарапайым экологиялық ұғымдарды, адамның табиғаттың бір бөлігі екенін және оны қорғау, сақтау керек екенін, күн мен ауаның адам, жануарлар мен өсімдіктер өміріндегі маңызы туралы, табиғатпен қарым-қатынас барысында денсаулықты нығайтуды, табиғатты сақтауда жауапкершілікті сезіне білуге үйрету.<br>**4. Дене тәрбиесі**<br>«Воланды ракеткамен лақтырып үйренейік» | мен жоларалық кеңістікті ажырата білуге үйрету.<br>**2. Математика негіздері**<br>Уақытты бағдарлау<br>**Міндеті:**<br>Әртүрлі оқиғалардың, апта күндері туралы білімді бекіту.<br>**3. Қазақ тілі**<br>Тілдің грамматикалық құрылымы<br>**Міндеті:**<br>Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуге үйрету.<br>**4. Музыка**<br>«Күз»<br>**Міндеті:** Музыкалық шығармаға көзқарасын білдіру, оның сипаты, мазмұны туралы айту.<br>Ән айту дағдыларын қалыптастыру<br>Музыкаға сәйкес орындалатын би қимылдарын білу; би қимылдарының элементтерін жеңіл, еркін орындауды; | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Міндеті:** бір орында тұрып, алға қарай 3–4 метр қашықтыққа жылжу арқылы секіру, екі тізенің арасына қапшықты қысып алып, түзу бағытта (арақашықтығы 6 метр) қос аяқпен секіру;<br>*Спорттық ойындар:*<br>Бадминтон. Воланды ракеткамен белгілі бір жаққа бағыттай отырып лақтыруға үйрету. | | | | |
| 2-ші таңғы ас | Гигиеналық шараларды орындау **(мәдени-гигиеналық, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, еңбек әрекеті**, (кезекшілік)<br>Адамның денсаулығы дұрыс тамақтануға байланысты екені туралы түсініктерді жетілдіру **(мәдени-гигиеналық дағдылар).** | | | | |
| Серуенге дайындық | Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу.<br>Табиғи материалдар туралы не білетіндерін сұрау.<br>Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру<br>**Сөздік минимум**: тез киіну (шешіну), жолдасына көмектесу, киімдерін ұқыпты жинау, түймені дұрыс тағу, | | | | |
| Серуен | **Шөптерді бақылау (қалақай, қымыздық, жұмыршақ, алау, бетеге) (карта №20)**<br>**Міндеті:**<br>Балаларға салқын түскен соң шөптердің солатынын түсіндіру; біржылдық өсімдіктердің сабақтары мен түбірлері құрап қалады, тек келесі жылға ұрықтандыратын тұқымы қалады.<br>**Көркем сөз**<br>Дала кілемі. Ол не? (Шөп, өсімдіктер) | **Аула тазалаушының еңбегін бақылау (карта №21)**<br>**Міндеті:** Назарын балабақша ауласының тазалығына аудару. Балабақша тазалығы аула тазартушының міндетінде. Күзде жерге жапырақтар көп түседі, аула тазартушы айналаны жиі түскен жапырақ қалдықтарынан тазартуы қажет.<br>**Көркем сөз** | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Ырым**<br>Егер де құрай биік өссе – қыс қарлы болады.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:**<br>«Тақия тастамақ» (қазақтың ұлттық ойыны)<br>Тәрбиешінің дабылы бойынша дөңгелене отыру, жетекшіден оза отырып, дөңгелекпен айнала жүгіру (бірінші болып орнында тұру). Қимыл-қозғалысын дамыту: жылдамдыққа, күштілікке,ептілікке үйрету.<br>**Еңбектену әрекеті**<br>Құстарды қыста азықпен қамтамасыз ету үшін жұмыршақ, жолжелкен, алабота, қымыздық, түйе ошаған тұқымдарын жинау<br>**Тұқымдарды қапшыққа жинауды үйрету.**<br>Құстарға қысқы азықтарын молынан, ұқыпты етіп жинау.<br>**Дидактикалық ойын.**<br>**Тәжірибелер мен сұрыптамалар жасау**<br>«Өсімдік бөлімдерін ата»<br>Өсімдіктерді тануға және бөлімдерін атауға үйрету (сабақ, жапырақ, түбір, гүлі, жемісі).<br>**Жеке жұмыс:** скамейканың үстіне қойылған текшелерден аттап жүруге үйрету | Жақсы жерге жүреді,<br>Жаман жерде жатады.<br>(Сыпырғыш)<br>**Мақал-мәтелдер**<br>Еңбек түбі – береке<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:**<br>«Айгөлек»<br>Балалардың қимыл-қозғалыстарын дамыту, ауызша дабылдар (есімдері) бойынша әрекет ету.<br>Сапқа тұрғызу.<br>**Еңбектену әрекеті**<br>Аула тазалаушыға көмектесу<br>Әр баланың күші мен мүмкіндігіне байланысты жұмыс бөлу. Үлкендердің еңбегін бағалауға тәрбиелеу.<br>**Дидактикалық ойын.**<br>**Тәжірибелер мен сұрыптамалар жасау**<br>«Жұмыс жасау үшін не қажет?»<br>Түрлі кәсіп иелеріне қажетті құрал-саймандар туралы балалар білімдерін бекіту.<br>**Жеке жұмыс:**<br>скамейканың үстіне қойылған текшелерден аттап жүруге үйрету<br>**Өзіндік әрекет**<br>Құрылыс салуға (үй, кеме) қажет заттарды жинауға | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Өзіндік әрекет**<br>Балаларды таңдалған тақырыпқа, ойын сюжетіне сәйкес, ұсынылған материалдың алуан түрлілігіне байланысты ойынды таңдай білуге, ойыншықтармен, басқа да заттармен алмасуға, құрастыруға үйрету; оқушылардың өздері жасаған ойыншықтарын қолдана білуге үйрету **(зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті) (экологиялық мәдениет)** | үйрету; ойын барысында табиғи материалдарды (құм, су және т.б.) қолдану. Балалар ойынының тақырыбы мен мазмұнын дамыту. **(зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті) (экологиялық мәдениет)** | | | |
| Серуеннен оралу | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды үйрету Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау | | | | |
| Түскі ас | Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу»<br>Кезекшілердің жұмысы ( асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою)<br>Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану, сөйлеспеу, алғыс айту)<br>Ереже айту | | | | |
| Күндізгі ұйқы | Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру.<br>Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Электронды кітаптан ертегі қойып беру **(көркем әдебиет)** | | | | |
| Біртіндеп ұйқыдан ояту,<br>сауықтыру шаралары | Қарапайым шараларды өз бетінше жүргізуге үйрету<br>**Ұйқыдан кейінгі жаттығулар**<br>**№ 2**<br>**Керуеттегі жаттығулар**<br>Балалар ұйқыдан оянады.<br>- Балалар төсекте, арқаға жатып, қолын жанына созу, демдерін бірнеше секунд іште ұстап, еркін шығару.<br>- Балалар төсекте, арқаға жатып қолды екі жаққа созу, жұдырықтарын жұму, қолдарын алға созып айқастыру, демалу. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | - Балалар төсекте, арқаға жатып қолдарын бастарына қойып кезекпен сол аяқтарын, он аяқтарын көтеру, екеуін бірге ұстап, жайлап түсіру.<br>- Балалар төсекте, арқаға жатып шынтақтарын тіреп иілу, кеуделерін жоғары көтеру, басты тік ұстау 3 - 5 секунд.<br>- Балалар төсекте, ішке жатып, қолдарын жанына қою, аяқтарын көтеріп, велосипед тебу.<br>**Керует жанындағы жаттығулар**<br>**"Құстар"**<br>1. "Құстар оянды" - Б.қ.: аяқты сәл алшақ қою. Қолдарды жан-жаққа созу, былғау – «құстар қанат қағып жатыр».<br>2. «Құстар достарын шақырып жатыр» - Б.қ.: тұрып, қол белде, аяқ сәл алшақ. Оң жаққа, сол жаққа бұрылу, «Шиқ-шиқ» деп айту.<br>3. «Құстар жем шұқып жатыр» - Б.қ.: тұрып, аяқ сәл алшақ, қол төменде. Отыру, саусақпен еденді соғу, бастапқы қалыпқа келу.<br>4. "Құстар көңілденіп жатыр" - Б.қ.: тұрып, аяқ сәл алшақ, қол түсірілген. Жүріспен кезектесіп, бір орында секіру.<br>**Шынықтыру шарасы**<br>«Денсаулық» жолымен жүру.<br>Арнайы жолдармен,<br>Жалаң аяқ жүреміз.<br>Табанға біз нүктелі,<br>Массаж жасау білеміз.<br>**Демалуды қалыпқа келтіру**<br>Бәріміз бірге еңкейейік.<br>Бірге секірейік.<br>Бірге созылайық.<br>Бірге қолымызды созайық.<br>Бірге еңбектейік.<br>Бірге тіземізді ұстайық.<br>Бір орында секіру.<br>Тыныс алу.<br>«Денсаулығым керемет, жаттығуға рахмет!» | | | | |
| Бесін ас | Кезекшілердің жұмысы ( асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау)<br>Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)** | | | | |
| Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап | **Шығармашылық іс-әрекеті**<br>«Табақ»<br>**Міндеті:** қарапайым ыдыстарды (табақты! мүсіндеуге баулу. | **Шығармашылық іс-әрекеті**<br>«Тостаған»<br>**Міндеті:** Халық шеберлерінің шағын мүсіндерімен, ойыншықтарымен | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| қарау және басқалары) | **(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)**<br><br>**Дидактикалық ойын:** «Музыкалық сағат»<br>**Міндеті:** Ән айтуда дауыспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру<br>**(музыка****)**<br><br>**«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы»**<br>**«**Тақия тастамақ»<br>**Міндеті:** ұлттық ойынға белсенділікпен қатысуға;бастамашылдық танытуға, ойын ережелерін сақтауға үйрету.<br>**(дене тәрбиесі**)**<br>**(«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы)** | таныстыру және қарапайым ыдыстарды , (тостаған) мүсіндеуге баулу.<br>**(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)**<br><br>**«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы»**<br>**«**Тоғыз құмалақ»<br>**Міндеті:** ұлттық ойынға белсенділікпен қатысуға;бастамашылдық танытуға, ойын ережелерін сақтауға үйрету. ,<br>қызығушылықтарын арттыру<br>**(дене тәрбиесі**)**<br>**(«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы)** | | | |
| Балалармен жеке жұмыс | **Физикалық қасиеттерді дамыту:**<br>**Міндеті:** тақтайдың, бойымен тепе-теңдікті сақтап, жүруге үйрету<br>**(дене тәрбиесі**)**<br>*Ж. Жанайым* | **Физикалық қасиеттерді дамыту:**<br>**Міндеті:** доптарды домалатуды, заттарды қашықтыққа лақтыруды, доптарды кедергілер арқылы лақтыруды және қағып алуды жалғастыру<br>**(дене тәрбиесі**)**<br>*Б. Аиша*<br>**Шығармашылық дағдылар, зерттеу іс-әрекеті**<br>«Қоян» жапсыру | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **Міндеті:** жапсыруда қауіпсіздік ережелерін сақтауды, жұмысты ұқыптылықпен орындауға үйрету **(музыка****)** *Н.Нурсана* | | | |
| Серуенге дайындық | Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру | | | | |
| Серуен | **Шөптерді бақылау (қалақай, қымыздық, жұмыршақ, алау, бетеге) (карта №20)** **Міндеті:** Балаларға салқын түскен соң шөптердің солатынын түсіндіру; біржылдық өсімдіктердің сабақтары мен түбірлері құрап қалады, тек келесі жылға ұрықтандыратын тұқымы қалады. баулу **(экологиялық мәдениет)** | **Аула тазалаушының еңбегін бақылау (карта №21)** **Міндеті:** Назарын балабақша ауласының тазалығына аудару. Балабақша тазалығы аула тазартушының міндетінде. Күзде жерге жапырақтар көп түседі, аула тазартушы айналаны жиі түскен жапырақ қалдықтарынан тазартуы қажет. баулу **(экологиялық мәдениет)** | | | |
| Серуеннен оралу | Балаларға реттілікпен киімдерін шешуі, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, су болған киімдерін тәрбиешіге көрсетуге үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет** | | | | |
| Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап | **Жоба:** «Кел, балалар, оқылық» **Мазмұндау:** **Міндеті:** Адалдық туралы ертегілердің («Үйшік», «Жеті лақ», т.б. ) суреттерін қарау, сипаттап айту; белгілі образды сомдауда эксперимент | **Жоба:** «Кел, балалар, оқылық» **Театрландырылған іс-әрекет:** «Жеті лақ» ертегісін сахналау **Міндеті:** сахналық қойылымдарға қатысуға баулу, онда рөлді, сюжетті | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| қарау және басқалары) | жасауға, түрлендіруге мүмкіндік беру. **(қарым-қатынас іс әрекеті)**<br><br>**Қауіпсіздік сабағы:**<br>**Дидактикалық ойын:** «Жақсы деген немене, жаман деген немене?»<br>**Міндеті:**<br>қоғамдық орындарда мінез-құлық ережелері туралы; түсініктерін кеңейту **(«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы)**<br><br>**Еркін ойын**<br>**Міндеті:**<br>Балалардың құрдастарымен және ересектермен өздігінен диалог бастауына ынталандыру, әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстауға, әдепті және сабырлы болуға үйрету **(қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br>**Сөздік минимум:**<br>татуласыңдар, бірге ойнайық, алуға бола ма? Рұқсат па? Ренжімеңіз! | таңдауда бастамашылық пен дербестік танытуға ынталандыру. **(қарым-қатынас іс әрекеті)**<br><br>**Қауіпсіздік сабағы:**<br>**Әңгімелесу:** «Дұрыс-бұрыс»<br>**Міндеті:**<br>үйдегі, балабақша тобындағы міндеттері туралы түсініктерін кеңейту **(қазақ тілі***) («Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы)**<br><br>**Еркін ойын**<br>**Міндеті:**<br>Балалардың құрдастарымен және ересектермен өздігінен диалог бастауына ынталандыру, әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстауға, әдепті және сабырлы болуға үйрету **(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | | | |
| Балалардың үйге қайтуы | Ата аналарды кітаптар бойынша жүргізілетін жұмыс жоспарымен таныстыру.<br>**Сөздік минимум**: Сау болыңыз! Рақмет! | Үйде кітап оқып беруге кеңес беру. Сүйікті кейіпкерін сомдап ойнауын ұсыну<br>**Сөздік минимум**: Сау болыңыз! Рақмет! | | | |

## Дидактикалық ойындар:

**«Кімге не керек?»**
**Міндеті** Балалардың әртүрлі мамандық иелері (дәрігер, мұғалім, аспаз, өрт сөндіруші, құрылысшы т.б.) және олардың еңбек құралдары туралы білімдерін бекіту. Сөздік қорларын байыту, логикалық ойлауын дамыту.
**Ойын барысы:** Тәрбиеші үстел үстіне мамандық иелерінің суреттерін қояды, ал құрал-саймандардың суреттерін араластырып тастайды немесе «ғажайып қоржынға» салады. Балалар кезекпен бір құралдың суретін алып, оның не екенін айтады және тиісті мамандық иесінің қасына апарып қояды. Мысалы: *«Бұл — ожау. Ол аспазға керек, өйткені аспаз тамақ пісіреді»*. Ең көп әрі дұрыс тауып, түсіндіріп берген бала жеңіске жетеді.

**«Бір және көп»**
**Міндеті** Балаларды заттарды санына қарай ажыратуға (бір зат және көп зат), зат есімдерді жекеше және көпше түрде дұрыс қолдануға үйрету. Назарын, математикалық ұғымдарын дамыту.
**Ойын барысы:**
Тәрбиеші балаларға суреттерді көрсетеді. Балалар «бір» немесе «көп» екенін тауып, атын атау керек. Мысалы, тәрбиеші бір допты көрсетсе — бала «бір доп» дейді, бірнеше допты көрсетсе — «көп доптар» деп жауап береді.

**«Заттарды салыстыр»**
**Міндеті:** Заттарды салыстыруда беттестіру, қасына қою және жұппен салыстыру тәсілдерін қолдану.
**Ережесі:** Балаларға екі немесе бірнеше зат беріледі. Олар осы заттардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын беттестіру немесе қатар қою арқылы анықтауы тиіс.

**«Кім зейінді?»**
**Міндеті:** Суреттер бойынша әңгіме құрастыруға, ойыншықтар мен заттарды 5-6 сөйлеммен сипаттауға, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу.
**Ережесі:** Тәрбиеші бір суретті немесе затты көрсетеді. Бала зейін қойып қарап, оны жан-жақты сипаттап, оқиғаның желісін жалғастырып айтып беруі керек.

**«Айырмашылығын тап»**
**Міндеті:** Зейінді, есте сақтауды, бақылауды, зерттеуді, талдау жасай білуді, себеп-салдарлық байланыстарды орнатуды және қорытынды жасауды дамыту.
**Ережесі:** Балаларға бір-біріне ұқсас, бірақ ұсақ айырмашылықтары бар екі сурет беріледі. Балалар сол айырмашылықтарды тауып, атап көрсетуі керек.

**«Кім, қайда өмір сүреді?»**
**Міндеті:** Қазақстан аумағын мекендейтін жануарлар мен олардың төлдерін атау және олардың өздеріне тән белгілері бойынша ажырату.

**Ережесі:** Балалар жануарлардың суреттерін олардың мекендейтін жерлеріне (орман, дала, су және т.б.) сәйкестендіріп орналастыруы және төлдерін дұрыс атауы керек.

**«Ауа райы туралы айтып бер»**
**Міндеті:** Балаларды ауа райын сипаттайтын сөздерді (жылы, ашық, желді, жаңбырлы т.б.) тауып айтуға үйрету.
**Ойын ережесі мен барысы:** Тәрбиеші «Бүгін күн қандай?» деп сұрайды. Балалар терезеге қарап немесе даладағы бақылауларына сүйеніп, тиісті сын есімдерді қолданып жауап береді.

**«Бұлтты суретте»**
**Міндеті:** Бұлтты сипаттайтын теңеу сөздерді тауып айтуға үйрету, қиялды дамыту.
**Ойын ережесі мен барысы:** Балалар аспандағы бұлттарға қарап, олардың пішінін (мақта сияқты, жануарларға ұқсас) және түсін сөзбен сипаттайды.

**«Аспан денелерін ата»**
**Міндеті:** Күн, Ай, жұлдыздар, планеталар туралы білімдерін бекіту.
**Ойын ережесі мен барысы:** Тәрбиеші аспан денелерінің суреттерін көрсетеді. Балалар оларды атайды және олардың ерекшеліктері (қай кезде көрінеді, түсі қандай) туралы айтады.

**«Күн жолын көрсет»**
**Міндеті:** Балаларға шығыстан батысқа қарай күн жолын қолмен суреттеуге үйрету және кеңістікті бағдарлау.
**Ойын ережесі мен барысы:** Балалар далада тұрып, Күннің таңертең қай жақтан шығатынын және кешке қай жаққа бататынын қолдарымен қимыл арқылы көрсетіп түсіндіреді.

**«Өз орныңды тап»**
**Міндеті:** Кеңістікті бағдарлау және геометриялық пішіндерді тану.
**Барысы:** Еденге түрлі пішіндер (шеңбер, шаршы, үшбұрыш) қойылады. Балаларға да осындай кішігірім пішіндер таратылады. Белгі бойынша әр бала өзіндегі пішінге сәйкес келетін «үйшікке» жүгіріп баруы керек.

**««Үлкен және кіші»**
**Міндеті** Заттарды көлемі бойынша салыстыру, «үлкен», «кіші», « үлкенірек», «кішірек» ұғымдарын бекіту. Көру қабілетін және зейінін дамыту.
**Ойын барысы:** Тәрбиеші балаларға көлемі екі түрлі (үлкен және кіші) қонжықты көрсетіп, олардың орманда адасып жүргенін айтады. Балаларға тапсырма беріледі: үлкен қонжыққа үлкен үстелді, үлкен орындықты және үлкен тәрелкені тауып беру керек, ал кішкентай қонжыққа — кішкентай заттарды жинау керек. Балалар заттарды көлеміне қарай іріктеп, тиісті кейіпкердің қасына қояды.

**«Орналастыр»**
**Міндеті** Балалардың кеңістікті бағдарлау дағдыларын дамыту (оң жақ, сол жақ, жоғары, төмен, ортасы, артында, алдында ұғымдары). Жылдамдыққа баулу.

**Ойын барысы:** Тәрбиеші балаларға нұсқау береді, ал балалар айтылған бойынша заттарды парақ бетіне орналастыруы тиіс. Мысалы: *«Үйшікті парақтың ортасына орналастыр. Күнді жоғарғы оң жақ бұрышқа қой. Бұлтты жоғарғы сол жаққа қой. Үйшіктің оң жағына ағашты орналастыр, ал алдына гүлді қой»*. Тапсырманы қатесіз әрі тез орындаған бала мақталады.

**«Пішіндер мен денелер»**
**Міндеті** Жазық фигуралар (шеңбер, шаршы, үшбұрыш, тіктөртбұрыш) мен көлемді геометриялық денелерді (шар, текше, цилиндр, конус) бір-бірінен ажырата білуге үйрету. Олардың белгілерін атау.
**Ойын барысы:** Үстел үстінде пішіндер мен денелер араласып жатады. Тәрбиеші балаларға: *«Жазық пішіндер (олар тығылып қала алады, алақанмен басқанда жапсырылып тұрады) бірінші себетке секіреді, ал дөңгелейтін, орнықты тұратын көлемді денелер екінші себетке барады»* деп түсіндіреді. Балалар заттарды сипап-сезіп, қасиетін айтып (мысалы: *«Бұл — текше, оның бұрыштары бар, ол көлемді дене, сондықтан екінші себетке саламын»*), тиісті себетке салады.

**«Менің отбасым»**
**Міндеті** Отбасы мүшелерін (ата, әже, әке, ана, аға, әпке, іні, қарындас) дұрыс атауға, оларға деген сүйіспеншілік пен құрмет сезімін тәрбиелеу. Туыстық байланыстарды түсіндіру..
**Ойын барысы:** Балалар шеңбер бойымен отырады. Тәрбиеші қолына үйшіктің макетін ұстап, ішінен бір суретті шығарады (мысалы, әженің суреті). Балалар суретті көріп: «Бұл — әже» дейді. Тәрбиеші: *«Әже отбасында не істейді? Ол кімнің анасы?»* деген сияқты сұрақтар қояды. Сонымен қатар, балалар өз отбасысының фотосуретін алып: *«Бұл — менің әкем, аты — ..., ол жұмыс істейді. Бұл — менің анам...»* деп өз отбасы туралы қысқаша әңгіме құрап береді.

**«Адасқан цифрлар»**
**Міндеті** 1-ден 5-ке дейінгі (немесе 10-ға дейінгі) сандардың реттік есебін бекіту. Сандардың таңбаларын тану, зейінін және логикасын дамыту.
**Ойын барысы:** Балалар көздерін жұмады (немесе теріс айналады). Тәрбиеші тақтадағы (үстелдегі) ретімен тұрған сандардың орнын ауыстырып тастайды немесе бір санды тығып қояды. *«1, 2, 3, сандар, өз орныңды тап!»* деген белгі берілгенде, балалар көздерін ашып, қай санның «адасқанын» немесе қай санның жетіспей тұрғанын тауып, орнына қоюы керек. Мысалы: 1, 2, 4, 3, 5 тұрса, бала 3 пен 4-тің орнын түзетеді.
**«Заттар әлеміне саяхат»**
**Міндеті** Балаларды айналадағы заттармен таныстыру, олардың қандай материалдан (ағаш, темір, пластмасса, шыны, қағаз т.б.) жасалғанын ажырату және қасиеттерін білу. Бұл заттардың адам өміріне қажеттілігін түсіндіру.
**Ойын барысы:** Тәрбиеші балаларға «Заттар әлемінің сиқыршысы» қонаққа келгенін айтады. Балалар кезекпен үстелден бір затты таңдап алады. Олар затты сипаттауы керек: *Заттың аты не? Ол неден жасалған? Қасиеті қандай?* Мысалы: *«Бұл — стақан. Ол шыныдан жасалған. Ол мөлдір, соқсаң сыңғырлайды, бірақ құласа сынып қалады, абайлау керек. Онымен су ішеміз»*. Дұрыс сипаттаған балаға «білгір» деген жұлдызша беріледі.

**«Дыбысты ата»**
**Міндеті** Балалардың фонематикалық есту қабілетін дамыту. Сөз ішінен белгілі бір дыбысты (мысалы, [А], [Р], [Ш] т.б.) ажырата білу, сол дыбыстан басталатын сөздерді табу.
**Ойын барысы:** Тәрбиеші бір дыбысты белгілейді, мысалы, «Ш» дыбысы. Содан кейін әртүрлі сөздерді атай бастайды. Егер балалар сөздің ішінен (басында, ортасында не аяғында) «Ш» дыбысын естісе, қолдарын шапалақтайды (немесе текшені көтереді). Ал егер ол дыбыс жоқ сөз болса

(мысалы, «алма»), тыныш отырады. *Сөздер тізбегі:* Шана (шапалақ), бала (тыныш), машина (шапалақ), кітап (тыныш), қарындаш (шапалақ). Ойынның екінші нұсқасында тәрбиеші допты лақтырады, ал бала сол дыбыстан басталатын сөз айтуы керек (Ш — шар, шалбар, шөп т.б.).

## Музыкалық ойындар:

**«Үнінен таны»**
**Міндеті:** Музыкалық және шулы аспаптарда ойнау тәсілдерімен таныстыру.
**Ережесі:** Тәрбиеші экранның немесе перденің артында бір аспапта ойнайды. Балалар аспапты көрмей, тек дыбысы (үні) арқылы оның қай аспап екенін тауып алуы керек.

**«Көңілді паровоз»**
**Міндеті:** Ән айтуда дауыспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру.
**Ережесі:** Балалар «паровоз» болып тізіліп тұрып, әуенге сәйкес ән айтып, белгілі бір ырғақпен қозғалады. Дауыс ырғағы мен қозғалыс үйлесімді болуы шарт.

**«Музыканттар»**
**Міндеті:** Музыкалық және шулы аспаптарда ойнау тәсілдерімен таныстыру.
**Ережесі:** Балаларға түрлі музыкалық аспаптар беріледі. Олар берілген әуеннің ырғағына сәйкес аспаптарда дұрыс ойнап шығуы тиіс.

**«Музыкадағы үш кит»**
**Міндеті:** Музыканың сипатын бейненің мазмұнымен, оның көңіл-күйімен байланыстыра білуді қалыптастыру.
**Ережесі:** Музыканың үш негізгі түрін (ән, би, марш) ажырату. Бала тыңдалған шығарманың қай түрге жататынын анықтап, оның сипатын (көңілді, мұңды, салтанатты) айтып беруі керек.

## Саусақ ойындары:

**«Қызық-ай»**
Күлкілі, әрі қызық-ай (екі қолды жая иықтарын көтереді, бастарын шайқайды)
Қой қағып тұр қақпаны (сөз ырғағына сәйкес жұдырықпен аяқтарын соғады)
Теуіп және сүзіп-ай (аяқтарын топылдатады, «мүйіз» жасайды)
Қой қағып тұр қақпаны (сөз ырғағына сәйкес жұдырықпен аяқтарын соғады)
Күлкілі, әрі қызық-ай екі қолды жая иықтарын көтереді, бастарын шайқайды)
Аша алмады бұзып-ай (сөз ырғағына сәйкес жұдырықпен аяқтарын соғады)
Басын ауыртты, тапқаны (жұдырықпен аяқтарын қатты нығарлайды)
Күлкілі, әрі қызық-ай (екі қолмен бастарын сипайды, иықтарын көтереді)

Қой қағып тұр қақпаны (сөз ырғағына сәйкес жұдырықпен аяқтарын соғады)
Соғар қойдың өзін-ай (қабағын түйіп, сұқ саусақпен доқ көрсетеді)
Табылар ма жан қане (екі қолды жая иықтарын көтереді)

**«Салат»**
Сәбізді алып тазалаймыз (оң қолды жұдырыққа түйіп, сол қолдың алақанына ысқылайды)
Үккішпен үгіп майдалаймыз (екі қолды жұдырыққа түйіп кеідеге ұстап, жоғары-төмен қозғайды)
Қанттай сеуіп дәмдейміз (саусақтардың ұшымен қант себеді)
Қаймақ құйып сәндейміз (қолды жұдырыққа түйген күйі (қаймақ құйған сияқты) қол білегін жоғары-төмен қозғайды)
Міне, дайын нәр тағам- (екі қолын алдына жайып көрсетеді)
Дәруменге байыған (алақанымен іштерін сипалап, тойғандықтарын білдіреді)

**«Өрмекші»**
Күні бойы еңбекпен (оң қолдың бас бармағы мен сол қолдың сұқ саусағының ұштарын түйістіреді, керісінше қайталайды (сол қолдың бас бармағы мен оң қолдың сұқ саусағы)
Өрмекші өрмек тоқиды (саусақтарын сыртылдатады)
Нөсер тек кенет селдеткен (оң алақанмен сол қол алақаның үстінен тез «сырғанап түседі)
Еңбегін оның жоқ қылды (барлық саусақтардың арасын ашып, бір қолдың алақандарына екінші қолдың алақан сыртын беттестіреді «күн» жасайды)
Күн шықты қайта жарқырап (екі қол алақандарын беттестіре жоғары көтеріп біресе оңға, біресе солға иіледі)
Құрғады тез-ақ төңірек (барлық саусақтардың ұштарын түйістіре, тез-тез кезектестіре бір-біріне соғады)
Өрмекші өрмек тоқуға
Кірісті, дереу, тезірек

## Зерттеу іс-әрекеттері:

**Күзгі жапырақ**
**Міндеті:** Қоршаған әлеммен өзара қарым-қатынас жасауға қажетті танымдық және зерттеушілік әрекеттің қарапайым дағдыларын меңгерту.
**Барысы:** Балалармен серуен кезінде күзгі жапырақтардың түсін, пішінін бақылау, олардың неліктен түсетінін талқылау және жинау.

**Табиғат құбылыстары (Жел және Бұлт)**
**Желді зерттеу:**
**Міндеті:** Желдің ауа қозғалысы екенін түсіндіру және оның күшін өсімдіктердің қозғалысына қарап анықтауды үйрету.
**Тәжірибе:** Шардың желін шығару. Қорытынды: Жел — бұл горизонтальды бағытта қозғалатын ауа ағымы.
**Бұлтты зерттеу:**
**Міндеті:** Бұлттардың не екенін және олардың аспандағы қозғалыс жылдамдығын түсіндіру.
**Барысы:** «Бұлтты суретте» дидактикалық ойыны арқылы бұлттың түрін, түсін сипаттайтын сөздерді табу.

**Ауладағы бақша (Еңбек және бақылау)**
**Міндеті:** Әртүрлі мамандықтар еңбегі туралы түсініктерді кеңейту және бірлескен еңбекке баулу.
**Барысы:** Гүлзардағы солған өсімдіктерді тазарту, учаскені қоқыстан тазарту үшін тырнауыш пен күректі қолдану дағдыларын бекіту.

**Су қасиеттері мен Салауаттылық**
**Міндеті:** Судың денсаулыққа пайдасы мен салауатты өмір салтындағы маңызы туралы түсінік беру.
**Барысы:** Серуеннен оралғанда қолды жуу, гигиеналық шараларды орындау және судың тазалыққа әсерін бақылау.

**Құстар мен Жануарлар (Зерттеу)**
**Міндеті:** Қазақстан аумағын мекендейтін жануарларды/құстарды атау және оларды өзіне тән белгілері бойынша ажырату.
**Барысы:** «Кім, қайда өмір сүреді?» дидактикалық ойыны арқылы құстар мен жануарлардың мекенін зерттеу. Сондай-ақ, балаларды қабылдау кезінде жануарлар суретін бояу арқылы олардың ерекшеліктерін тану.

## Ұлттық ойындар:

**Жүзік жасырмақ**
**Ойын ережесі:** Ойыншылар шеңберге отырады немесе қатарға тұрады. Ойынды жүргізуші қолындағы жүзікті ойыншылардың бірінің алақанына байқатпай салып кетуі керек. Жүзік кімде екенін басқа ойыншылар табуы тиіс. Ойын барысында балалар белсенділік танытып, ережелерді қатаң сақтауы қажет.

**Айгөлек**
**Ойын ережесі:** Балалар екі топқа бөлініп, бір-біріне қарама-қарсы қол ұстасып тұрады. Бір топ: «Айгөлек-ау, айгөлек, айдың жүзі дөңгелек...» деп бастап, қарсы топтан бір баланы шақырады. Шақырылған бала жүгіріп келіп, қарсы тұрған топтың қол ұстасып тұрған шебін бұзып өтуі керек. Егер бұзып өтсе, сол топтан бір баланы өз тобына алып кетеді, өте алмаса — өзі сол топта қалады.

**Соқыр теке**
**Ойын ережесі:** Бір ойыншының (текенің) көзін орамалмен байлап қояды. Басқа ойыншылар оның айналасында жүріп, қолдарын шапалақтап немесе дыбыс шығарып, өздерін ұстатпауға тырысады. «Соқыр теке» дыбыс шыққан жаққа барып, ойыншылардың бірін ұстап алып, оның есімін тануы керек.

**Әткеншек**
**Ойын ережесі:** Ойнаушылар шеңбер жасап тұрады. Тәрбиеші балаларға ұшы түйілген жіп береді. Балалар оң қолдарымен жіптен үстап, солға бұрылады да, мына тақпақты айтады:
Әрең-әрең әлдиледі,
Әткеншегім ән-билерін.
Тербеткенде ойнадым ғой,
Жүгіруді қоймадым ғой.

Балалар текстке сәйкес шеңбер жасап жүреді: алдымен жайлап, содан соң тезірек, ал соңында жүгіреді. Тәрбиеші балалар жүгірген кезде «Жү-гі-ре-міз, жү-гі-ре-міз» деген сөзді айтады.
Балалар шеңбердің бойымен екі рет жүгіріп шыққаннан кейін, тәрбиеші қимыл бағытын өзгертіп: «Бұрылыңдар», - дейді. Ойнаушылар шыр айналып, сол қолдарымен жіпті тез ұстайды да, екінші жаққа жүгіреді.
Содан соң тәрбиеші балалармен бірге қарай жалғастырады:
Жәймен ғана тербетіңдер,
Әткеншекпен ер жетіңдер!
Бір, екі, бір, екі,
Ойын бітті мінеки!
Әткеншек қимылы бірте-бірте жайлай бастайды. «Ойын бітті мінеки!» деген сөздерді естігенде, балалар жіпті тастайды да, алаңмен жүріп тарап кетеді.

**Орамалмен ойнау**
**Ойын ережесі:** Бұл серуен кезінде өткізілетін Қимыл-қозғалыс ойыны:. Ойыншылар шеңбер бойымен тұрады. Жүргізуші орамалды бір баланың артына байқатпай тастап кетеді. Орамалды байқап қалған бала оны алып, жүргізушіні қуып жетіп, орамалмен тигізуі керек. Жүргізуші бос орынға тұрып үлгерсе, орамалы бар бала жаңа жүргізуші болады.

**Жүзік жасырмақ**
**Ойын ережесі:** Ойыншылар шеңберге отырады немесе қатарға тұрады. Ойынды жүргізуші қолындағы жүзікті ойыншылардың бірінің алақанына байқатпай салып кетуі керек. Жүзік кімде екенін басқа ойыншылар табуы тиіс. Ойын барысында балалар белсенділік танытып, ережелерді қатаң сақтауы қажет.

**Айгөлек**
**Ойын ережесі:** Балалар екі топқа бөлініп, бір-біріне қарама-қарсы қол ұстасып тұрады. Бір топ: «Айгөлек-ау, айгөлек, айдың жүзі дөңгелек...» деп бастап, қарсы топтан бір баланы шақырады. Шақырылған бала жүгіріп келіп, қарсы тұрған топтың қол ұстасып тұрған шебін бұзып өтуі керек. Егер бұзып өтсе, сол топтан бір баланы өз тобына алып кетеді, өте алмаса — өзі сол топта қалады.

**Соқыр теке**
**Ойын ережесі:** Бір ойыншының (текенің) көзін орамалмен байлап қояды. Басқа ойыншылар оның айналасында жүріп, қолдарын шапалақтап немесе дыбыс шығарып, өздерін ұстатпауға тырысады. «Соқыр теке» дыбыс шыққан жаққа барып, ойыншылардың бірін ұстап алып, оның есімін тануы керек.

**Әткеншек**
**Ойын ережесі:** Ойнаушылар шеңбер жасап тұрады. Тәрбиеші балаларға ұшы түйілген жіп береді. Балалар оң қолдарымен жіптен үстап, солға бұрылады да, мына тақпақты айтады:
Әрең-әрең әлдиледі,
Әткеншегім ән-билерін.
Тербеткенде ойнадым ғой,

Жүгіруді қоймадым ғой.
Балалар текстке сәйкес шеңбер жасап жүреді: алдымен жайлап, содан соң тезірек, ал соңында жүгіреді. Тәрбиеші балалар жүгірген кезде «Жү-гі-ре-міз, жү-гі-ре-міз» деген сөзді айтады.
Балалар шеңбердің бойымен екі рет жүгіріп шыққаннан кейін, тәрбиеші қимыл бағытын өзгертіп: «Бұрылыңдар», - дейді. Ойнаушылар шыр айналып, сол қолдарымен жіпті тез ұстайды да, екінші жаққа жүгіреді.
Содан соң тәрбиеші балалармен бірге қарай жалғастырады:
Жәймен ғана тербетіңдер,
Әткеншекпен ер жетіңдер!
Бір, екі, бір, екі,
Ойын бітті мінеки!
Әткеншек қимылы бірте-бірте жайлай бастайды. «Ойын бітті мінеки!» деген сөздерді естігенде, балалар жіпті тастайды да, алаңмен жүріп тарап кетеді.

**Орамалмен ойнау**
**Ойын ережесі:** Бұл серуен кезінде өткізілетін Қимыл-қозғалыс ойыны:. Ойыншылар шеңбер бойымен тұрады. Жүргізуші орамалды бір баланың артына байқатпай тастап кетеді. Орамалды байқап қалған бала оны алып, жүргізушіні қуып жетіп, орамалмен тигізуі керек. Жүргізуші бос орынға тұрып үлгерсе, орамалы бар бала жаңа жүргізуші болады.

**«Тоғызқұмалақ»**
**Мақсаты:** Логикалық ойлауды, есептеуді үйрету.
**Ережесі:** Бұл — зияткерлік ойын. Арнайы тақтада 18 отау және 2 қазан болады. Әр отауға 9 құмалақтан салынады. Ойыншылар кезекпен құмалақтарды таратады. Мақсат — қарсыластың отауынан құмалақтарды жинап, өз қазанына көбірек (82-ден астам) жинау.

**«Бестемше» ойыны**
**Міндеті:** Балаларды санауға, ойлауға, тапқырлыққа баулу; ойын ережесін сақтай отырып, қарсыласын сыйлауға үйрету.
**Ойын құралдары:** Арнайы бес-бестен 10 ұясы (отауы) бар тақта және әр ұяға салынатын бес-бестен құмалақ (барлығы 50 құмалақ).
**Ойын ережесі мен барысы:**

1. **Басталуы:** Ойынға екі бала қатысады. Тақтаның бір жағындағы 5 ұя — бір баланікі, екінші жағындағы 5 ұя — екінші баланікі. Ойын басында әр ұяда 5 құмалақтан болады.
2. **Жүріс жасау:** Ойынды бастайтын бала өз ұяларының біреуін таңдап, ішіндегі құмалақтарды алып, солдан оңға қарай әр ұяға бір-бірден салып шығады.

*Маңызды ереже:* Егер ұяда бір ғана құмалақ болса, ол келесі ұяға салынады. Егер бірнешеу болса, бірінші құмалақ алынған ұяның өзінде қалуы керек (бірақ балаларға арналған жеңіл нұсқада бәрін таратып салуға да болады).

3. **Ұту (Құмалақты алу):** Баланың соңғы құмалағы қарсыласының ұясына түсіп, ондағы құмалақтар санын **жұп** қылса (2, 4, 6, 8, 10), сол ұядағы барлық құмалақты өзіне алып, «қазанға» салады.
4. **Тұздық:** «Бестемшеде» (тоғызқұмалақтан айырмашылығы) әдетте тұздық ережесі қолданылмайды, тек құмалақтарды жұп қылып ұтуға негізделеді.

5. **Ойынның аяқталуы:** Қай баланың ұяларында құмалақ таусылып қалса (атсыз қалу), сол бала жеңіледі немесе ойын соңында «қазанында» құмалағы көп бала жеңімпаз атанады.

**«Аударыспақ» (балаларға арналған нұсқасы)**
**Міндеті:** Балалардың күш-қуатын, төзімділігін және тепе-теңдік сақтау қабілетін арттыру.
**Барысы:** Екі бала ортаға шығады (балабақшада бұл ойын көбіне жерде отырып немесе «ат» болып ойнаған құрдастарының үстінде отырып ойналады). Олар бір-бірінің қолынан ұстап, тартысу арқылы қарсыласын орнынан қозғалтуы немесе белгіленген шеңберден шығаруы керек. Тек қолмен тартуға рұқсат етіледі, итеруге болмайды.

**«Бәйге»**
**Ережесі:** Балалар «шабандоздар» болып бөлінеді. Ойын алаңында мәре (старт) және сөре (финиш) сызықтары белгіленеді.
**Барысы:** Тәрбиешінің белгісі бойынша балалар атпен шапқандай кейіп танытып (тізені жоғары көтеріп немесе ойыншық аттармен), белгіленген қашықтықты бірінші болып жүгіріп өтуі тиіс. Ереже бойынша бірін-бірі итеруге немесе жолдан шығып кетуге болмайды.

**«Сақина тастау»**
**Міндеті:** Шапшаңдыққа, байқампаздыққа баулу.
**Ережесі:** Ойыншылар шеңбер құрып отырады немесе тұрады, қолдарын алға созып, алақандарын біріктіреді. Бастаушы сақинаны (немесе тиынды) алақанына жасырып, әр ойыншының қолының арасынан жүріп өтеді. Ол білдіртпей бір ойыншының қолына сақинаны тастап кетеді. Содан соң: «Сақинам, сақинам, шық!» — дейді. Сақинасы бар бала тез жүгіріп шығуы керек, ал қасындағылар оны ұстап қалуға тырысады.

**Тақия тастамақ»**
**Ойын ережесі:**
Балалар шеңбер жасап отырады. Бір бала қолына тақия алып, ән айтып немесе жай жүріп балалардың артынан айналады. Ол білдіртпей бір баланың артына тақияны тастайды. Тақия артында қалған бала оны байқаса, орнынан тұрып, тақия тастаған баланы қуып жетуі керек. Егер қуып жетсе, ойыншы ауысады, жетпесе – өзі тақия тастайды. Ойын шапшаңдық пен байқампаздықты дамытады